20-суретте әртүрлі центрифуга айналу жылдамдықтарында алынған Spiro-OMeTAD HTLs бетінің АСМ кескіндері көрсетілген. Spiro-OMeTAD қабыршақтары 2000, 3000, 4000, 5000, 6000 және 7000 айн/мин жылдамдықтарында алынды. 20а-суреттен көрініп тұрғандай, ең төменгі айналу жылдамдығында алынған HTLs бетінің морфологиясы біртекті және тегіс болып табылады. Бақыланған сирек қуыстар қабыршақ кепкен кезде еріткіштің булануымен байланысты болуы мүмкін. Айналу жылдамдығы артқан сайын қабыршақ бетінде өлшемдері бірнеше жүз нанометр болатын аймақтық құрылым пайда болады (20b, 20c, 20d, 20e, 20f суреттер). Мұндай құрылымның пайда болуын FTO астар бетінің әсерімен түсіндіруге болады.



a – 2000 айн/мин; b – 3000 айн/мин; c – 4000 айн/мин; d – 5000 айн/мин; e – 6000 айн/мин; f – 7000 айн/мин

Сурет 20 – Әртүрлі субстраттардың айналу жылдамдықтарында алынған Spiro-OMeTAD қабыршақтарының бет морфологиясы

21а-суретте Spiro-OMeTAD қабыршақтарының қалыңдығының центрифуга айналу жылдамдығына тәуелділігі көрсетілген. Қалыңдық қабыршақ бетінің сызылып алынған аймағынан алынған сатылы биіктік бойынша, биіктік айырмасын өлшеу және статистикалық талдау әдісін қолдану арқылы анықталды. Суреттегі тұтас сызық қабыршақ қалыңдығының центрифугалау жылдамдығына белгілі тәуелділігін көрсетеді: $t \sim 1/\sqrt{\omega}$, ол алынған деректерге ең кіші квадраттар әдісі арқылы сәйкестендірілді. Көрініп тұрғандай, алынған қалыңдық мәндері теориялық тәуелділікке жақсы сәйкес келеді және айналу жылдамдығының артуымен бірқалыпты кемиді. Әрине, айналу жылдамдығының көбеюі қабыршақ қалыңдығының азаюына алып келеді және субстрат құрылымы АКМ кескінінде байқала бастайды.



а – көк символдар – эксперименттік деректер, қызыл сызық – t ~ $1/w^{0.5}$ тәуелділігі; b – 1 – FTO үстіндегі қабыршақ мәндері, 2 – шыны астар үстіндегі қабыршақ мәндері; rms~$w^{0.5}$ орташа мәннің тәуелділігін көрсететін сызықтар

Сурет 21 – (a) Spiro-OMeTAD центрифугаланған қабыршағының қалыңдығы және бетінің орташа квадраттық ауытқуы (b) айналу жылдамдығына тәуелділігі

21б-суретте FTO мен шыныға жабылған Spiro-OMeTAD қабыршақтары үшін центрифуга айналу жылдамдығына байланысты бетінің орташа квадраттық ауытқуының (rms) тәуелділіктері көрсетілген. FTO үстіндегі қабыршақ үшін айналу жылдамдығы 4000 rpm-ге дейін артқанда бет rms мәнінің күрт өсуі байқалады, содан кейін тәуелділік қанығуға жетеді. rms тұрақтануы жоғары айналу жылдамдықтарында қалыңдықтың тұрақтануымен түсіндірілуі мүмкін: субстрат құрылымы шамамен бірдей түрде 4000 rpm-нен жоғары жылдамдықта алынған үлгілерде байқалады. FTO-дағы қабыршақтар үшін rms тәуелділігі rms~$\omega^{0.5}$ тәуелділігімен жақсы аппроксимацияланады. Әйнекке жабылған Spiro-OMeTAD қабыршақтары үшін rms-тің айналу жылдамдығына тәуелділігі байқалмайды, ал әйнек қабыршақтарының rms орташа мәні FTO-дағы ең қалың қабыршақның rms мәніне жақын. Spiro-OMeTAD қабыршақтарының қалыңдығы мен rms мәндерінің центрифуга айналу жылдамдығына тәуелділіктері 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Spiro-OMeTAD қабыршақтарының қалыңдығы мен rms мәндерінің центрифуга айналу жылдамдығына тәуелділігі

Spin-coating rate, rpm	Film thickness, nm	Roughness, rms [nm]
2000	440	0.49
3000	360	0.71
4000	300	0.94
5000	260	0.93
6000	230	0.99
7000	200	0.97

22a-суретте Spiro-OMeTAD қабыршақтарының жұтылу спектрлері келтірілген. Spiro-OMeTAD жұтылу спектрінде үш максимум байқалады, ең қарқынды максимум λ=228 нм толқын ұзындығына сәйкес келеді, ал қалған екі максимум төменірек қарқынды болып, λ=308 нм және λ=373 нм толқын ұзындықтарында орналасқан. Қабыршақ қалыңдығы азайған сайын Spiro-OMeTAD жұтылу жиегінің ығысуы байқалады. Бұл қысқа толқынды аймаққа орын алған ығысу Spiro-OMeTAD қабыршақтарының бет құрылымының өзгеруімен байланысты.



Сурет 22 – (a) әртүрлі қалыңдықтағы Spiro-OMeTAD қабыршақтарының жұтылу спектрлері және (b) тыйым салынған деңгей ені

Қабыршақтардың жұтылу спектрлері бойынша TaucPlot әдісі арқылы Spiro-OMeTAD тыйым салынған деңгейінің (Eg) энергия шамасы анықталды (22b-сурет). Деректерді талдау нәтижелері қабыршақ қалыңдығы азайған сайын тыйым салынған деңгей ені сәйкесінше Eg=2.97 эВ-тен Eg=3.01 эВ-ке дейін ұлғаятындығын көрсетеді. Spiro-OMeTAD қабыршағының Eg ені артуы молекулалық ориентациямен және π–π-стэкинг өзара әрекеттестігінің күшеюімен байланысты [29, p. 3132; 30, p. 6022-6026]. Spiro-OMeTAD қабыршақтарының оптикалық сипаттамалары 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3 – Әртүрлі қалыңдық мәндерінде Spiro-OMeTAD тасымалдаушы қабатының оптикалық сипаттамалары

Film thickness, nm	D_1, A.U. (λ=228 nm)	D_2, A.U. (λ=308 nm)	D_3, A.U. (λ=373 nm)	Bandgap, eV
440	3.49	1.68	2.39	2.977
360	3.39	1.41	2.13	2.982
300	3.03	1.23	1.72	2.987
260	2.95	1.14	1.54	2.991
230	2.79	0.96	1.35	2.995
200	2.57	0.73	1.14	3.012

3.2 Spiro-OMeTAD қабыршақтарының қалыңдығының перовскитті күн элементтерінің фотовольтаикалық сипаттамаларына әсері

Вольт-амперлік сипаттамаларды зерттеу үшін әртүрлі қалыңдықтағы HTLs қабаты бар $FTO/TiO_2/CH_3NH_3I_3PbCl_x$/Spiro-OMeTAD/Ag құрылымымен перовскитті күн батареялары құрастырылды. Spiro-OMeTAD қалыңдығының фотоэлектрлік қасиеттерге әсерін зерттеу үшін күн батареяларының қабаттары Spiro-OMeTAD қабатын қоспағанда, бірдей жағдайларда алынды. 23a-суретте қима кескінінің СЭМ бейнесі және PSCs элементтерінің таралуы көрсетілген. Суреттен көрініп тұрғандай, FTO қабыршағының қалыңдығы 360 нм, TiO_2 қабыршағының қалыңдығы – 65 нм, перовскит қабаты – 340 нм, Spiro-OMeTAD қабаты – 260 нм, Ag электродының қабаты – 70 нм құрайды. PSCs қимасындағы элементтердің таралуы 23b-суретте көрсетілген.



a b

Сурет 23 – (a) СЭМ бейнелері және (b) PSCs элементтерінің таралуы



Сурет 24 – (а) Вольт-амперлік сипаттамалар және (б) перовскитті күн элементтерінің энергетикалық диаграммасы

24-суретте, PSC-тің вольт-амперлік сипаттамалары мен компоненттердің энергетикалық диаграммасы көрсетілген. 4-кестеден көрініп тұрғандай, қалыңдығы 230 нм Spiro-OMeTAD қабыршағы үшін ПӘК 8.6%-ға дейін артқаны байқалады. HTLs қабатының қалыңдығы 260 нм болған жағдайда алынған Spiro-OMeTAD-мен күн батареясы энергияны түрлендіру тиімділігінің ең жоғары көрсеткіштерін көрсетіп, 9%-ға жетті. Spiro-OMeTAD қабатының қалыңдығын 440 нм-ге дейін арттыру PSC-тің фотоэлектрлік сипаттамаларының төмендеуіне алып келеді.

Кесте 4 – Перовскитті күн элементтерінің фотоэлектрлік сипаттамалары

Қабыршақ қалыңдығы,нм	V_{oc}(V)	J_{sc}(mA/cm^2)	V_{max} (V)	J_{max}(mA/cm^2)	FF	PCE %
440	0.74	19	0.50	12.6	0.43	6.0
360	0.76	20.1	0.51	13.5	0.44	6.8
300	0.80	22.3	0.53	14.8	0.45	7,8
260	0.83	24.9	0.55	16.5	0.47	9.0
230	0.82	24.1	0.54	16.1	0.46	8.6
200	0.81	23.4	0.54	15.5	0.46	8.3

Вольт-амперлік сипаттамаларға сәйкес, Spiro-OMeTAD қалыңдығының артуымен ток тығыздығы өсетіні байқалады, ең жоғары ток тығыздығы Jsc = 24.94 mA/cm^2 мәніне 260 нм қалыңдықтағы Spiro-OMeTAD қабыршағы бар PSCs ие болды. HTL қабыршағының қалыңдығын одан әрі азайту ток тығыздығының Jsc = 23.41 mA/cm2 дейін төмендеуіне алып келеді. Алынған деректер 260 нм қалыңдықта алынған Spiro-OMeTAD-тың оңтайлы қалыңдығы заряд тасымалдау тиімділігін арттырып, PSCs тасымалдаушы қабатындағы заряд тасымалдаушылардың рекомбинациясын азайтатынын көрсетеді.

Spiro-OMeTAD қалыңдығына тәуелді толтыру коэффициентінің (FF) өзгеруі тізбектік кедергінің өзгерісінің белгісі болып табылады. Spiro-OMeTAD қалыңдығы 260 нм-ге дейін азайған сайын, толтыру коэффициентінің 0.43-тен 0.47-ге дейін артуы есебінен элементтің тиімділігі 6.0%-дан 9.0%-ға дейін өседі (4-кесте). Қалыңдықты 230-дан 200 нм-ге дейін одан әрі азайту толтыру коэффициентінің 0.46-ға дейін төмендеуіне және ПӘК-тің 8.3%-ға дейін азаюына әкеледі.

3.3 Әртүрлі қалыңдықтағы Spiro-OMeTAD қабыршақтары негізінде жасалған перовскитті күн элементтерінің электрофизикалық сипаттамаларын зерттеу

HTLs қабаты Spiro-OMeTAD қалыңдығының заряд тасымалдаушылардың тасымалдану механизмдеріне әсерін түсіну үшін PSCs импеданс спектрлері өлшенді (25a-сурет). Импеданс спектрлерін интерпретациялау үшін стандартты баламалы электрлік сұлба қолданылды, мұнда R_s – жоғары жиілікті кедергі, R_{rec} – көлемдік рекомбинацияның төмен жиілікті кедергісі, CPE – қабаттар арасындағы фазалық тұрақты.

Заряд тасымалдаушылардың тиімді рекомбинация жылдамдығы k_{eff} годограф доғасының максимумына сәйкес (10) формула бойынша анықталды:

$$\omega_{eff}=k_{eff} \tag{10}$$

Қабыршақтардағы заряд тасымалдаушылардың тиімді өмір сүру уақытының мәні келесі (11) формула бойынша есептелді:

$$\tau_{eff} = 1/k_{eff} \quad (11)$$

Заряд тасымалдаушылардың тиімді еркін жүру ұзындығы келесі (12) формула бойынша есептелді:

$$D_{eff} = R_s/R_{rec} \cdot k_{eff} \cdot L^2 \quad (12)$$

мұнда L – қабыршақның қалыңдығы

Импеданс спектрлерін талдау нәтижесінде келесі электртасмалдау сипаттамалары анықталды: R_s – элементтің барлық функционалды қабаттарының тізбектей кедергісін сипаттайтын параметр; R_k – заряд тасымалдаушылардың рекомбинация арналарының кедергісін сипаттайтын параметр; τ_{eff} – заряд тасымалдаушылардың тиімді өмір сүру уақыты. 5-кестеде аталған параметрлер көрсетілген. 25b-суретте R_s параметрінің мәндерін сипаттайтын годографтардың бастапқы шамаларының үлкейтілген кескіні берілген.

Кесте 5 – Перовскитті күн элементтеріндегі зарядтың инжекция және тасымалдау параметрлері

Film thickness, nm	R_s, Ohm	R_k, Ohm	R_k/R_s	n	P	k_{eff}, s^{-1}	τ_{eff}, ms
440	121.9	1537.6	12.6	0.86	$1.18*10^{-08}$	501.1	1.9
360	96.1	2016.1	20.9	0.98	$3.25*10^{-09}$	251.1	3.9
300	67.5	1777.8	26.3	0.81	$1.67*10^{-08}$	645.6	1.5
260	26.7	2405.4	90.1	0.84	$2.38*10^{-08}$	158.5	6.3
230	39.6	1901.6	48.1	0.80	$3,33*10^{-08}$	301.9	3.3
200	51.9	2206.1	42.5	0.95	$5.80*10^{-09}$	234.4	4.3



Сурет 25 – (a) әртүрлі қалыңдықтағы Spiro-OMeTAD қабыршақтары бар PSC үшін Найквист координаталарындағы импеданс годографтары, кірістірмеде – баламалы электрлік сұлба; (b) импеданс годографтарының бастапқы мәндерінің үлкейтілген кескіні

5-кестеден көрініп тұрғандай, R_s мәні Spiro-OMeTAD HTLs қабыршағының қалыңдығы 260 нм болатын ұяшықта ең төмен мәнге ие. Қабыршақ қалыңдығының әрі қарай ұлғаюы R_s мәнінің өсуіне әкеледі. Барлық функционалдық қабаттар бірдей жағдайда алынғандықтан, Rs-тің азаюы кемтік инжекциясының және тасымалының тиімділігінің артуымен түсіндіріледі. 6b-суреттегі энергия диаграммасынан көрінгендей, $CH_3NH_3I_3PbCl_x$ МВЗ Spiro-OMeTAD МВЗ-на қарағанда анағұрлым теріс, бұл кемтіктерді анодқа тиімді шығаруға арналған күштірек кіріктірілген (built-in) электр өрісін қалыптастырады [104].

Rk кедергісі де заряд тасымалдаушылардың рекомбинациясын сипаттайтын маңызды параметр болып табылады. Фитинг деректерінен R_k-тің Spiro-OMeTAD HTLs қабыршағының қалыңдығы 440 нм болатын ұяшықтарда төмен мәнге ие екені анықталды. HTLs қалыңдығы азайған сайын, Spiro-OMeTAD HTLs қабыршағының қалыңдығы 360 нм және 300 нм болатын ұяшықтарда R_k сәйкесінше 30 және 15% артты. HTLs қалыңдығы 260 нм болғанда, R_k ең жоғары мәнге – 2405.4 Ом-ға жетті, бұл заряд тасымалдаушылардың рекомбинация арналарының кедергі тиімділігін арттырды. Қалыңдықтың әрі қарай 200 нм-ге дейін азаюы R_k мәнінің төмендеуіне әкеліп, бұл өз кезегінде күн элементінің жұмысының нашарлауына себеп болды. Осылайша, қалыңдығы 260 нм Spiro-OMeTAD қабыршағы электрондарды тиімді бөгейтін қабат болып табылады.

Заряд тасымалдаушылардың тиімді өмір сүру уақытының (τ_{eff}) айтарлықтай артуы 260 нм қалыңдықтағы қабыршақтарда үш реттік жоғары болды. τ_{eff}-тің айтарлықтай артуы рекомбинацияның азаюымен, яғни бөгейтін әсермен және ішінара кемтіктердің тасымалының жақсаруымен түсіндіріледі. Spiro-OMeTAD HTLs қабыршағының қалыңдығы 200 нм-ден 440 нм-ге дейінгі ұяшықтардың фотовольтаикалық және электртасмалдаушы параметрлерін салыстырғанда келесі ерекшеліктер байқалды: HTL қабатының қалыңдығы 260 нм ұяшықтың тиімділігі 440 нм HTLs қабаты бар ұяшыққа қарағанда 40% жоғары, бұл негізінен фотокернеудің және толтыру коэффициентінің артуымен түсіндіріледі. ITO/TiO_2/$CH_3NH_3I_3PbClx$/Spiro-OMeTAD/Ag құрылымды ұяшықтарда фотокернеу TiO_2-дегі электрондардың ферми деңгейі мен Spiro-OMeTAD-дегі кемтіктердің ферми деңгейі арасындағы айырмашылықпен анықталады. Spiro-OMeTAD кемтіктерінің квази-ферми деңгейінің төменірек орналасуы байқалатын фотокернеуді арттырады. Жоғары толтыру коэффициенті негізінен Rs мәнінің төмендігімен түсіндіріледі. Импеданс-спектрлер деректеріне сәйкес, қалыңдығы 260 нм Spiro-OMeTAD HTLs қабыршағы бар ұяшықтағы заряд тасымалдаушылардың өмір сүру уақыты қалыңдығы 430 нм Spiro-OMeTAD HTLs қабыршағы бар ұяшықтағы τ_{eff}-ке қарағанда шамамен 3 есе жоғары. Бұрын айтылғандай, қалыңдығы 260 нм кемтік-тасмалдау қабыршағының оптикалық тыйым салынған аймағының ені 440 нм қабыршаққа қарағанда шамамен 0,02 эВ-қа үлкен, бұл валенттік аймақ максимумының төменірек орналасуымен байланысты. Бұл кемтіктерді анодқа тиімді шығаруға арналған күштірек кіріктірілген (built-in) электр өрісін қалыптастырады және заряд тасымалдаушылардың рекомбинация ықтималдығын азайтады.

23-суретте перовскит қабатының бетінде орналасқан Spiro-OMeTAD-тың беттік бейнелері мен ток таралуы көрсетілген. Conductive-AFM (CAFM) қолдану үлгілер бетінде токтың айтарлықтай біртекті еместігін анықтауға мүмкіндік берді. Перовскит құрылымымен байланысты біртексіздіктерден бөлек, кейбір үлгілердің ток бейнелерінде жалпы фоннан айқын ерекшеленетін және кристаллиттердің шекараларында орналасқан өткізгіштігі жоғары дақтар байқалады. [105]-жұмыста көрсетілгендей, мұндай типті АКМ қолданғанда зонд-үлгі жанасу аймағы микроскоп лазерімен жарықтандырылады. 26-суретте көрсетілген ток таралуын өлшеуге пайдаланылған аспапта 650 нм толқын ұзындығындағы лазер қолданылады, ол бұл жұмыста пайдаланылған перовскиттің жұтылу спектріне сәйкес келеді. Осылайша, 26b және 26d-суреттеріндегі контраст құрамында әрі қараңғы ток, әрі ықтимал фототок бар. Бақыланған өткізгіштігі жоғары дақтарды перовскит кванттық нүктелері ретінде түсіндіруге болады, олардың фотовольтаикалық сипаттамалары көлемді материалға қарағанда жақсырақ. Осы себепті қазіргі уақытта перовскитті кванттық нүктелерін зерттеу белсенді түрде жүргізілуде [106, 107].



a, b – 2000 айн/мин; c, d – 5000 айн/мин; a, c – бет бейнелері және b, d – үлгіге +5 В кернеу түскендегі ток таралуы

Сурет 26 – (a, c) бет бейнелері және (b, d) ток таралуы. Үлгілер әртүрлі центрифуга айналу жылдамдығымен дайындалған

3-бөлім бойынша қорытынды

Жүргізілген зерттеулер негізінде келесі тұжырымдар жасауға болады:

1. АКМ әдісі арқылы жүргізілген зерттеулер Spiro-OMeTAD қабыршақтарының ең төмен айналу жылдамдығында алынған үлгілерінің бет морфологиясы жоғары біртектілігімен және тегістігімен сипатталатынын көрсетті. Бетінде жеке кеуектер байқалады, олардың түзілуі қабыршақның кептіру процесінде еріткіштің булануымен байланысты. Айналу жылдамдығы артқан кезде қабыршақ бетінде өлшемі бірнеше жүз нанометр шамасындағы аймақтардан тұратын құрылым қалыптасады. Мұндай құрылымның түзілуі FTO астар бетінің морфологиясының әсерімен байланысты.

2. Spiro-OMeTAD жұтылу спектрлерін зерттеу үш максимумның бар екенін көрсетті. Қабыршақ қалыңдығы азайған кезде жұтылу жолағының шеті қысқа толқынды аймаққа ығысады. Жұтылу спектрлерін талдау негізінде қабыршақтардың Eg мәні анықталды. Алынған деректер қабыршақ қалыңдығы азайған сайын тыйым салынған аймақтың ені 2.97 эВ-тен 3.01 эВ-ке дейін артатынын көрсетеді. Spiro-OMeTAD жұқа қабыршақтарындағы Eg мәнінің артуы молекулалық бағдардың өзгеруімен және материалдың молекула беткі қабатының бірігуінің қайта құрылуымен байланысты болуы мүмкін.

3. ВАС өлшеулері көрсеткендей, қабат қалыңдығы 260 нм болғанда элементтердің ПӘК-і ең жоғарғы 9%-ға жетеді, ал қалыңдықтың 440 нм-ге дейін артуы ПӘК-ті 6%-ға дейін төмендетеді. Алынған деректер 260 нм қалыңдықтағы қабаттың оңтайлы екенін көрсетеді, себебі ол заряд тасымалдануының тиімділігін арттырып, PSCs тасымалдаушы қабатындағы тасымалдаушылардың рекомбинациясын азайтады.

4. Импеданстық спектроскопия деректеріне сәйкес, Spiro-OMeTAD қабатының қалыңдығы 260 нм болғанда рекомбинация кедергісі (R□) ең жоғары мәнге (2405.4 Ом) жетеді. Қалыңдық 300, 360 және 440 нм-ге артқан сайын R□ мәні сәйкесінше 15, 30% төмендеп, ең аз шегіне жетеді. Қалыңдықтың азаюымен бірге R□-тің өсуі рекомбинацияны басу тиімділігінің артуымен тікелей байланысты.

5. Spiro-OMeTAD-тің беткі қабаты бейнелері және токтың таралуы зерттелді. Үлгілер бетінде токтың біртекті емес таралуы анықталды, байқалған жоғары өткізгіштікке ие дақтар перовскиттің кванттық нүктелері ретінде интерпретацияланды, олар жақсырақ фотовольтаикалық сипаттамаларға ие екенін көрсетті.

4 Spiro-OMeTAD/MPc ҚОСҚАБАТТЫ ҚАБЫРШАҚТАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ПЕРОВСКИТТІК КҮН ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

PSC құрылымында Spiro-OMeTAD қолданумен байланысты мәселелерді шешу үшін HTL-қабаттарын оңтайландыру және құрылғылардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа баламалы материалдарды іздеу бойынша зерттеулер белсенді жүргізілуде [108]. Осындай перспективті материалдардың бірі фталоцианин және оның металл кешендері (MPc) болып табылады. MPc қолданудың болашағы олардың химиялық және жылулық тұрақтылығымен, спектрдің көрінетін аймағында қарқынды жұтылуымен, жоғары фотөткізгіштікке ие жақсы реттелген жұқа қабыршақтарды түзу қабілетімен негізделген. Маңызды артықшылығы – орталық металл атомын таңдау және лиганда модификациялау арқылы MPc-дың физика-химиялық қасиеттерін дәл баптау мүмкіндігі [11, p. 1904-1934; 109-111]. Осы бөлімде фталоцианиннің және оның металл кешендерінің жұқа қабыршақтарының құрылымдық, оптикалық және электрофизикалық сипаттамаларының олардың қалыңдығына тәуелділігі бойынша зерттеу нәтижелері ұсынылған. PSCs-дегі кемтіктерді тасымалдау үшін Spiro-OMeTAD/MPc архитектурасымен бинарлы HTL алынды. MPc аралық қабатының заряд тасымалдау тиімділігіне және PSCs тұрақтылығына әсері зерттелді. MPc негізіндегі әзірленген HTL-құрылымдары фотоэлектрлік сипаттамалардың жақсаруына және күн элементтерінің тұрақтылығының артуына ықпал ететіні көрсетілді.

4.1 Фталоцианин және олардың металл кешендерінің бақыланатын морфологиясы мен оптикалық қасиеттері бар қабыршақтарын алу

27-суретте фталоцианиннің және оның металл кешендерінің қабыршақтарының беткі жағы мен көлденең үзігінің СЭМ-бейнелері келтірілген. 27-суреттен көрініп тұрғандай, қабыршақ бетінің морфологиясы үлгілердің буландыру қалыңдығына байланысты. Металлсыз фталоцианиннің (H_2Pc) және мырыш фталоцианинінің (ZnPc) қабыршақтары үшін тұтас майда түйіршікті бет байқалады, қабыршақ қалыңдығы азайған сайын құрылым біртекті бола түседі. Кобальт фталоцианинінің (CoPc) және мыс фталоцианинінің (CuPc) қабыршақтары ірі түйіршікті құрылымға ие, қалыңдық азайған сайын тегіс және майда түйіршікті бет байқалады. Барлық MPc қабыршақтары бірдей жағдайда вакуумдық бүрку арқылы алынды, нәтижесінде вакуумда тұндырылған қабыршақтардың қалыңдығы шамамен бірдей болды.



Сурет 27 – Әртүрлі қалыңдықтағы фталоцианин және оның металл кешендері қабыршақтарының СЭМ-бейнелері



Сурет 28 – H_2Pc (a), ZnPc (b), CoPc (c) және CuPc (d) қабыршақтарының әртүрлі қалыңдықтардағы жұтылу спектрлері

28-суретте вакуумдық тәсілмен бүрку MPc қабыршақтарының жұтылу спектрлері көрсетілген. Жұтылу спектрлерінде 300–450 нм аралығында екі қарқынды жолақ (B-диапазон) және 550–700 нм аралығында жұтылу жолағы (Q-диапазон) бар. Суреттен көрініп тұрғандай, H2Pc, ZnPc және CoPc қабыршақтарының B-диапазон аймағындағы жұтылу жолағы λ=340 нм толқын ұзындығында максимумға ие. Q-диапазонда λ=630 нм және λ=690 нм толқын ұзындықтарында екі максимум байқалады. Өз кезегінде, CuPc қабыршақтары үшін B-диапазон аймағында жұтылудың максимумдарының гипсохромды ығысуы λ=227 нм-де байқалады, сондай-ақ Q-диапазондағы максимумдардың ығысуы λ=485 нм және λ=553 нм-де тіркелді.

MPc қабыршақтарының қалыңдығы азайған кезде жұтылу спектрлерінің жартылай ендерінің мәні төмендейтіні байқалады. Бұл құбылыс қабыршақтардың қалыңдығының азаюы нәтижесінде энергия жұтылуын жүзеге асыратын орталықтың локалды ортасының азаюымен түсіндіріледі. Қабыршақтардағы орталықтың локалды ортасының азаюы фотондардың шашырау ықтималдығының артуына әкеледі және нәтижесінде жұтылу спектрлерінің жартылай ендерінің төмендеуіне себеп болады [108, р. 562-568].

6-кестеде MPc қабыршақтарының B және Q-диапазон жұтылу спектрлерінің сипаттамалары келтірілген.

Кесте 6 – B және Q-диапазон жұтылу спектрлерінің сипаттамалары

Үлгі, қалыңдық	B-band			Q-band		
	λ_{max}, nm	D (optical density)	FWHM, nm	λ_{max}, nm	D (optical density)	FWHM, nm
H2Pc -64nm	λ=333	D=0.68	110	λ_1=627 λ_2=694	D_1=0.55 D_2=0.41	138
H2Pc -51nm	λ=336	D=0.67	108	λ_1=628 λ_2=692	D_1=0.53 D_2=0.39	114
H2Pc -44nm	λ=340	D=0.65	98	λ_1=632 λ_2=694	D_1=0.51 D_2=0.37	96
ZnPc -57nm	λ=339	D=0.17	94	λ_1=636 λ_2=688	D_1=0.12 D_2=0.13	141
ZnPc -42nm	λ=339	D=0.16	83	λ_1=638 λ_2=685	D_1=0.11 D_2=0.12	130
ZnPc -34nm	λ=344	D=0.13	80	λ_1=638 λ_2=688	D_1=0.09 D_2=0.11	117
CoPc -73nm	λ_1=325 λ_2=348	D_1=0.97 D_2=0.88	99	λ_1=630 λ_2=682	D_1=0.68 D_2=0.72	148
CoPc -46nm	λ_1=320 λ_2=341	D_1=0.90 D_2=0.85	91	λ_1=623 λ_2=678	D_1=0.62 D_2=0.69	126
CoPc -38nm	λ_1=323 λ_2=345	D_1=0.87 D_2=0.82	89	λ_1=627 λ_2=680	D_1=0.59 D_2=0.64	108
CuPc -76nm	λ=227	D=0.69	110	λ_1=485 λ_2=553	D_1=0.79 D_2=0.52	156
CuPc -48nm	λ=227	D=0.62	96	λ_1=482 λ_2=558	D_1=0.71 D_2=0.48	128
CuPc -31nm	λ=227	D=0.58	83	λ_1=476 λ_2=544	D_1=0.67 D_2=0.39	102

Жұтылу спектрлерінің шеткі аймақтары бойынша MPc қабыршақтарының B және Q диапазондарының оптикалық тыйым салынған аймақтың ені (29a, 29b-сурет) көрсетіліп бағаланды [112]. MPc қабыршақтарының оптикалық тыйым салынған аймағының енін бағалау TaucPlot әдісімен жүргізілді. 29a-суреттен көрініп тұрғандай, B-диапазонның тыйым салынған аймағының ені H_2Pc қабыршағы үшін E_g=3,10, ZnPc үшін E_g=2,94, CoPc үшін E_g=2,99, CuPc үшін E_g=3,25 құрады. Q-диапазонның оптикалық тыйым салынған аймағының ені H_2Pc қабыршағы үшін E_g=1,62, ZnPc үшін E_g=1,66, CoPc үшін E_g=1,62, CuPc үшін E_g=1,65 мәндерін көрсетті (29b-сурет).



Сурет 29 – (a) фталоцианин және оның металлкешендері қабыршақтарының B және (b) Q диапазондарының оптикалық тыйым салынған аймағының ені

4.1.1 Фталоцианин және оның металл кешені қабыршақтарының қалыңдығының фотовольтаикалық және электрофизикалық сипаттамаларға әсері

Фотоэлектрлік өлшеулерді жүргізу үшін шыны астардан, мөлдір өткізгіш поликристалды FTO қабатынан (анод), фотобелсенді MPc қабатынан және алюминий электродынан тұратын фотовольтаикалық элементтердің үлгілері дайындалды (30a-сурет). 30b-суретте MPc энергетикалық деңгейлерінің диаграммасы көрсетілген. Энергетикалық деңгейлер диаграммасынан фталоцианиндердің тыйым салынған аймағының ені мен HOMO және LUMO энергия деңгейлерінің орналасу мәндері айтарлықтай ерекшеленбейтіні байқалады. Тыйым салынған аймағының ені 1,6–1,9 эВ диапазонында өзгереді. Фталоцианиндердегі HOMO және LUMO энергия деңгейлерінің ығысуы орталық металл атомына тәуелді болып табылады.



Сурет 30 – (a) фотовольтаикалық ұяшықтың құрылымы және (b) энергия деңгейлерінің диаграммасы

Әртүрлі қалыңдықтағы MPc қабыршақтарының ВАС 31-суретте көрсетілген. Суреттен көрініп тұрғандай, ВАС сызықтық емес болып табылады. H_2Pc негізіндегі фотосезімтал элемент электрлік сипаттамалардың ең төменгі мәндеріне ие [113]. Қатты қабыршақтағы H_2Pc заряд тасымалдаушылар генерациясының тиімділігі B- және Q-диапазондарындағы жұтылу жолақтарының әлсіз ұлғаюына байланысты төмен (31a-сурет). Бұл қысқа тұйықталу тоғының тығыздығының төмен мәні J_{sc}=3,7 мА/см² екендігін көрсетеді. Ең жоғарғы ашық тізбектегі кернеу V_{oc}=0,48 В қабыршақ қалыңдығы 51 нм болғанда қол жеткізілді.



Сурет 31 – (a) H_2Pc, (b) ZnPc, (c) CoPc және (d) CuPc әртүрлі қалыңдықтағы қабыршақтарының вольт-амперлік сипаттамалары

ZnPc негізіндегі фотоэлемент жақсартылған сипаттамаларға ие: қысқа тұйықталу тоғының тығыздығы J_{sc} = 12,3 мА/см², ал ашық тізбектегі ең жоғарғы кернеу V_{oc} = 0,90 В қабыршақ қалыңдығы 34 нм болғанда алынды.

CoPc қабыршақтары үшін ток тығыздығының мәні J_{sc} = 9,2 мА/см², ал ең жоғарғы кернеу V_{oc} = 1,26 В қабыршақ қалыңдығы 73 нм болғанда байқалды.

CuPc негізіндегі ұяшықтардың вольт-амперлік сипаттамалары қысқа тұйықталу тоғының тығыздығы J_{sc} = 8,2 мА/см², ал ең жоғарғы ашық тізбектегі кернеу V_{oc} = 0,90 В қабыршақ қалыңдығы 48 нм болғанда анықталды. Бұл құбылыс оптикалық тығыздықтың артуы және қысқа толқынды мен көрінетін аймақтардағы жұтылу жолақтарының ұлғаюымен түсіндіріледі [114].

Суреттердегі ВАС талдауы көрсеткендей, Jmax және J_{sc} мәндері металсыз фталоцианин негізіндегі фотоэлементпен салыстырғанда шамамен 2,5 есе артады, алайда барлық MPc үшін Jsc қабыршақтардың қалыңдығына тәуелсіз. Дегенмен, V_{oc} мәнінің MPc қабыршақтарының қалыңдығына тәуелділігі байқалады (7-кесте).

Кесте 7 – Фталоцианин мен оның металлкешендерінің фотоэлектрлік сипаттамалары

Үлгі, қалыңдық	V_{oc}(V)	J_{sc}(mA/cm^2)	V_{max} (V)	J_{max}(mA/cm^2)	FF
H2Pc -64 nm	0.39	3.7	0.20	1.3	0.15
H2Pc -51 nm	0.48	3.7	0.23	1.5	0.19
H2Pc -44 nm	0.45	3.7	0.21	1.4	0.19
ZnPc -57 nm	0.78	12.3	0.32	4.6	0.15
ZnPc -42 nm	0.83	12.3	0.33	4.7	0.16
ZnPc -34 nm	0.90	12.3	0.34	4.8	0.14
CoPc -73 nm	1.26	9.2	0.44	3.1	0.11
CoPc -46 nm	1.11	9.2	0.42	3.2	0.13
CoPc -38 nm	0.94	9.2	0.41	3.4	0.16
CuPc -76 nm	0.69	8.2	0.30	3.2	0.16
CuPc -48 nm	0.90	8.2	0.33	2.9	0.13
CuPc -31 nm	0.62	8.2	0.29	2.8	0.14



Сурет 32 – (a) әртүрлі қалыңдықта тұндырылған H_2Pc, (b) ZnPc, (c) CoPc және (d) CuPc қабыршақтары үшін Найквист координаталарындағы импеданс годографтары

32-суретте FTO/MPc/Al құрылымындағы қабат қалыңдығы әртүрлі MPc қабыршақтары бар элементтердің импеданс-спектрлері көрсетілген.

32-суреттен көрініп тұрғандай, H_2Pc негізіндегі элемент ең жоғары электрофизикалық сипаттамаларға ие. H_2Pc қабыршағының 64 нм қалыңдығында қабаттың кедергісі 5697,8 Ом-ды, ал рекомбинация кедергісі $1{,}57 \cdot 10^5$ Ом-ды құрайды. Қабат қалыңдығы 51 нм-ге дейін азайған кезде кедергілер мәндерінің төмендеуі байқалады, ал 44 нм қалыңдықтағы қабыршақта осы типтегі фталоцианин үшін ең төмен электрофизикалық сипаттамаларға ие болады: R_w = 4389,3 Ом, R_{rec} = $1{,}39 \cdot 10^5$ Ом.

Шартты заряд тасымалдаушылардың қозғалғыштығы H_2Pc қалыңдығының азаюымен артады. Импеданс-спектрлерінің мәліметтері ВАС деректерімен және оптикалық жұтылу спектрінің сипаттамаларымен үйлесімді келеді.

CoPc қабыршақтары үшін 46 нм қалыңдықтағы құрылғы оңтайлы сипаттамаларға ие: $R_{rec} = 1{,}34\cdot10^6$ Ом, $R_w = 368{,}6$ Ом. Ал 76 нм қалыңдықтағы CuPc қабыршағы үшін кедергі параметрлері $R_{rec} = 0{,}42\cdot10^5$ Ом және R_w=4012,7 Ом мәндеріне тең.

Дегенмен, ең үздік сипаттамалар ZnPc негізіндегі құрылғыға тиесілі. 34 нм қалыңдықтағы ZnPc қабыршағы үшін R_w = 173,4 Ом ең төменгі мәнге жетті, осы қалыңдықта рекомбинация кедергісі $1{,}37\cdot10^6$ Ом-ға тең, ал заряд тасымалдаушылардың тиімді өмір сүру уақыты 81 мс-қа жетіп, зерттелген барлық үлгілердің ішінде ең жоғары көрсеткішті көрсетті. $D_{eff} = 34{,}2\cdot10^{-8}$ $см^2\cdot с^{-1}$, ал заряд тасымалдаушылардың шартты қозғалғыштығы ең жоғары мәнге жетіп, $1{,}4\cdot10^{-5}$ $см^2$/Вс құрады (8-кесте).

Кесте 8 – Әртүрлі қалыңдықта алынған фталоцианин мен оның металлкешендері қабыршақтарының заряд тасымалдау параметрлері

Үлгі, қалыңдық	D_{eff},($см^2\cdot с^{-1}$)	k_{eff},($с^{-1}$)	τ_{eff},(мс)	R_{rec},(Ом)	R_w,(Ом)	μ,($см^2$/Вс)
H_2Pc -64 nm	$28{,}7\cdot10^{-5}$	25.5	39	$1{,}57\cdot10^5$	5697,8	$0{,}1\cdot10^{-5}$
H_2Pc -51 nm	$20{,}9\cdot10^{-5}$	26.4	37	$1{,}46\cdot10^5$	4789,7	$0{,}9\cdot10^{-5}$
H_2Pc -44 nm	$17{,}2\cdot10^{-5}$	28.1	35	$1{,}39\cdot10^5$	4389,3	$0{,}7\cdot10^{-5}$
ZnPc -57 nm	$23{,}8\cdot10^{-7}$	15.5	64	$1.5\cdot10^6$	316.3	$1{,}3\cdot10^{-5}$
ZnPc -42 nm	$17{,}5\cdot10^{-7}$	14.2	70	$1.42\cdot10^6$	203.2	$1{,}1\cdot10^{-5}$
ZnPc -34 nm	$34{,}210^{-8}$	12.3	81	$1.37\cdot10^6$	173.4	$1{,}4\cdot10^{-5}$
CoPc -73nm	$29{,}7\cdot10^{-7}$	15.3	65	$1.38\cdot10^6$	378.1	$0{,}2\cdot10^{-5}$
CoPc -46 nm	$10{,}5\cdot10^{-7}$	13.7	72	$1.34\cdot10^6$	368.6	$0{,}8\cdot10^{-5}$
CoPc -38 nm	$79\cdot10^{-6}$	13.3	75	$1{,}52\cdot10^6$	370.1	$0{,}5\cdot10^{-5}$
CuPc -76 nm	$15{,}5\ 10^{-5}$	25.7	38	$0{,}42\cdot10^5$	4012,7	$0{,}2\cdot10^{-5}$
CuPc -48 nm	$21{,}1\cdot10^{-5}$	17.5	57	$2{,}11\cdot10^5$	4025,7	$0{,}1\cdot10^{-5}$
CuPc -37 nm	$2{,}5\cdot10^{-5}$	4.3	23	$1{,}73\cdot10^5$	4063,7	$0{,}6\cdot10^{-5}$

Электрофизикалық параметрлердің өзгеру динамикасы оптикалық тығыздық мәндерінің өзгеруімен, қысқа толқынды және көрінетін спектр аймақтарында жұтылу жолақтарының кеңеюімен түсіндіріледі және вольт-амперлік сипаттамалар деректерімен толық сәйкес келеді [115].

4.2 Қосқабатты қабыршақтардың морфологиясы мен оптикалық қасиеттерін зерттеу

Перовскит бетінде алынған HTL ретіндегі Spiro-OMeTAD, CoPc, CoPc/Spiro-OMeTAD және Spiro-OMeTAD/CoPc қабыршақтарының АКМ суреттері 33-суретте көрсетілген. 33а-суреттен көрініп тұрғандай, стандартты түрде перовскит бетіне жағылған Spiro-OMeTAD қабыршағының морфологиясы нүктелік кемтіктері бар төбесі домалақ, кішкене кедір-бұдырлы бетімен сипатталады. Перовскит бетіне CoPc қабыршағын термиялық әдіспен бүркіген кезде ірі түйірлі құрылым және нүктелік кемтіктер байқалады (33b-сурет). Қосқабатты CoPc/Spiro-OMeTAD қабыршағы біркелкі және тегіс құрылымға ие, сонымен қатар қабыршақ бетінде нүктелік тесікшелер жоқ (33c-сурет). Ал Spiro-OMeTAD/CoPc қосқабатты қабыршақтары үшін кішкентай түйірлі және біртекті беті нүктелік кемтіктермен сипатталады (33d-сурет). Кейбір қабыршақтар бетінде байқалған тесікшелер PSC элементтерінің төмен фотоэлектрлік сипаттамаларына себеп болуы мүмкін.

Қабыршақтардың бет кедір-бұдырлығы (Ra) және орташа мөлшері АКМ деректері бойынша бағаланды. Spiro-OMeTAD қабыршақтары үшін Ra мәні 3 нм, ал орташа түйір мөлшері 7 нм-ге тең болды. CoPC қабыршақтары үшін орташа түйір мөлшері 12 нм-ге дейін, ал Ra 3,8 нм-ге дейін артады. Перовскит бетіне CoPc қабыршағына Spiro-OMeTAD қабыршағын жаққанда Ra мәні 3,2 нм-ге дейін азаяды, орташа түйір мөлшері 6 нм-ге тең. Spiro-OMeTAD+CoPc қабыршақтарында Ra мәнінің сәл өсуі 3,4 нм-ге дейін байқалады, орташа түйір мөлшері 9 нм құрайды.



Сурет 33 – Spiro-OMeTAD, CoPc және қосқабатты қабыршақтардың беттерінің АКМ суреттері

34а-суреттен Spiro-OMeTAD, CoPc, CoPc/Spiro-OMeTAD және Spiro-OMeTAD/CoPc қабыршақтарының жұтылу спектрлері көрсетілген. Spiro-OMeTAD үлгісі 350–430 нм толқын ұзындығы диапазонында (λmax = 377 нм) қарқынды жұтылу сигналын көрсетеді, бұл Spiro үшін тән [116]. CoPc спектрлерінде λmax = 360 нм (Soret жолақ немесе B-диапазон) болатын үш қарқынды жолақ бар, олар a2u→2eg және b2u→2eg π-π* және n-π аралас өтулеріне сәйкес келеді. Q-диапазонда λmax = 630 нм және λmax = 688 нм толқын ұзындықтарында екі максимум байқалады, бұл a1u→2eg π-π* өтуіне сәйкес келеді [117, 118]. CoPc/Spiro-OMeTAD және Spiro-OMeTAD/CoPc қабыршақтарын өлшеу кезінде Q-диапазоны спектрлерінің қарқындылығы төмендейді. 300–800 нм диапазонында қабыршақтардың оптикалық өткізгіштік спектрлері 34b-суретте көрсетілген. Орташа өткізгіштік коэффициенті шамамен 83–95% құрады, алынған деректер барлық қабыршақтардың жоғары мөлдірлікке ие екенін көрсетеді.



Сурет 34 – (a) қабыршақтардың жұтылу және (b) өткізу спектрлері

4.2.1 CoPc аралық қабатының перовскиттік күн элементтерінің фотоэлектрлік көрсеткіштеріне және тұрақтылығына әсері

35a-суретте көрсетілгендей, әртүрлі HTL конфигурациялары бар PSCs-тің вольт-амперлік сипаттамалары берілген. PSCs-тің фотоэлектрлік сипаттамалары ток-кернеу (J-V) өлшеулері арқылы бағаланды, алынған нәтижелер 8-кестеде көрсетілген. Алынған деректерден көрініп тұрғандай, HTL ретінде қос қабатты CoPc/Spiro-OMeTAD қабаты қолданылған күн элементі ең жоғарғы қысқа тұйықталу ток тығыздығы (J_{sc}) 22,3 мА/см², ашық тізбектегі кернеуі (V_{oc}) 10 В, толтыру коэффициенті (FF) 0,84 және ең жоғары энергия түрлендіру тиімділігі (PCE) 18,7% көрсетті. Салыстыру үшін стандартты Spiro-OMeTAD қабатымен PSCs үшін фотоэлектрлік көрсеткіштер де алынған. Алынған деректер бойынша, Spiro-OMeTAD қабаты негізіндегі элемент PCE 16,5%, J_{sc}=21,5 мА/см², V_{oc}=9,99 В және FF=0,77 көрсеткен. CoPc аралық қабаты Spiro-OMeTAD пен Ag электроды арасында орналасқан элементтерде PCE 14,5% дейін төмендеді, J_{sc}=20,9 мА/см², V_{oc}=9,96 В және FF=0,70 болды. CoPc негізіндегі PSCs ең нашар фотоэлектрлік көрсеткіштерге ие болды (J_{sc}=20,2 мА/см², V_{oc}=9,93 В, FF=0,66 және PCE=13,2 %). CoPc/Spiro конфигурациясымен PSCs-тің ең жақсы фотоэлектрлік көрсеткіштері, заряд тасымалдаушыларды тиімді алу және HTL-дардың морфологиясының жақсылығымен түсіндіріледі. [119, 120] еңбектерінде көрсетілгендей, нашар жабылған және беті тегіс емес PSCs аралық фазалық рекомбинацияның мүмкіндігін арттырады және заряд тасымалдаушылардың алынуын азайтады, бұл күн элементтерінің өнімділігінің төмендеуіне әкеледі. Сондықтан фотоэлектрлік сипаттамаларды PSCs-тің тегіс бетімен тиімді заряд тасымалдау арқылы жақсартуға болады [121-123]. CoPc буферлі қабаты болмаған жағдайда, кемтіксіз Spiro-OMeTAD қабатынан заряд тасымалдаушылар электрон тасымалдаушы қабатқа (ETL) жетіп, рекомбинацияға ұшырайды. Бұл эффект перовскит/Spiro-OMeTAD шекарасындағы тұтқыш күйдің әсерінен күшейеді. CoPc буферлі қабаты перовскит пен Spiro-OMeTAD арасындағы кемтікшелерді толтырып, қабыршақтардың морфологиясын сақтауға мүмкіндік береді.



Сурет 35 – (а) вольт-амперлік сипаттамалар, (b) инкапсуляциясыз ауадағы PSCs тұрақтылығы және (с) MAPbI3/Spiro-OMeTAD негізіндегі PSCs деградация механизмі

Кесте 9 – Перовскитті күн элементтерінің фотоэлектрлік сипаттамалары

Үлгі	V_{oc}(V)	J_{sc}(mA/cm^2)	V_{max} (V)	J_{max}(mA/cm^2)	FF	PCE %
Spiro-OMeTAD	0.99	21.5	0.83	20.0	0.77	16.5
CoPc	0.93	20.2	0.74	17.9	0.66	13.2
CoPc/ Spiro-OMeTAD	1.00	22.3	0.88	21.5	0.84	18.7
Spiro-OMeTAD /CoPc	0.96	20.9	0.78	18.7	0.70	14.5

PSC-тің әртүрлі HTL конфигурациялары бойынша тұрақтылығын 35b-суретте көрсетеді. PSC-ті AM1,5G сәулелендіру көзімен 100 мВт/см² қуатпен сәулелендірді, PCE мәндері 48 сағат сайын 300 сағат бойы бөлме температурасында инкапсуляциясыз өлшенді. Spiro-OMeTAD және CoPc негізіндегі HTL қабаттары бар PSC нашар тұрақтылық көрсетті, бастапқы мәннен PCE 41 және 62% дейін төмендеді, бұл кемтікшелер мен жарықтардың болуымен түсіндіріледі, олар перовскиттің деградациясына бейім аудандар жасайды [124]. Spiro-OMeTAD/CoPc негізіндегі HTL бар күн элементі сынақ кезеңінде 70% тұрақтылық көрсетті. CoPc/Spiro-OMeTAD негізіндегі PSCs тұрақтылықты жақсартып, бастапқы PCE мәнінің 84% сақтауына мүмкіндік берді. Бұл нәтиже көрсеткендей, CoPc/Spiro-OMeTAD HTL қабаты тек PCE өнімділігін арттырып қана коймай, сонымен қатар перовскит қабатының деградациясынан қосымша қорғаушы қабат қызметін атқарады.

PSC (MAPbI3/Spiro-OMeTAD негізінде) деградация процесін 35c-суретте көрсетеді. 1-қадамда Spiro-OMeTAD қабатында ауадағы ылғалдың әсерінен кемтік пайда болады. 2-қадамда перовскиттің (MAPbI3) ылғалдан бұзылу процесі жүреді, нәтижесінде MAI немесе HI сияқты йод құрамды ұшпа қосылыстар түзіледі. Бұл процесс Spiro-OMeTAD-ты кристалдандырып, оның морфологиялық тұрақтылығын нашарлатады [125, 126]. Ылғал әсерінен пайда болған кейбір кемтікшелер терең болып, HTL мен ETL қабаттарының тікелей қосылуына әкелуі мүмкін (3-қадам). CoPc буферлі қабатын Spiro-OMeTAD пен перовскит арасында қолдану тікелей қосылудың алдын алады және перовскиттің деградациясына жол бермейді. Буферлі CoPc қабаты болмаған жағдайда, йод құрамды MAI немесе HI перовскит қабатынан Spiro-OMeTAD қабаты арқылы Ag электродына миграциялайды (4-қадам). Йод құрамды ұшпа қосылыстар беткі диффузияға ұшырап (5-қадам), кейін Ag электродымен реакцияға түсіп AgI түзеді (6-қадам). CoPc буферлі қабаты Spiro-OMeTAD пен Ag электроды арасындағы йод құрамды ұшпа қосылыстардың электродқа жетуін болдырмайды (7-қадам).

4.2.2 Қосқабатты кемтік тасымалдаушы қабаты бар перовскиттік күн элементтерінде заряд тасымалдаушылардың тасымалы мен рекомбинациясы

CoPc аралық қабаты орналасуының перовскитті күн элементтерінде заряд тасымалы процестеріне әсерін түсіну үшін құрылғылардың импеданс сипаттамалары кішігірім синусоидтық кедергілер кезінде өлшеніп, талданды. 36a-суретте әртүрлі HTL қабаттары бар күн элементтерінің импеданс спектрлері көрсетілген. Нүктелер эксперименталды деректерге сәйкес келеді, ал үздіксіз сызықтар апроксимация нәтижелерін білдіреді.

Перовскитті күн элементтерінің импеданс спектрі (IS) әдетте екі жарты шеңберден тұрады: біреуі жоғары жиілікте (ЖЖ) (кГц диапазоны), екіншісі төмен жиілікте (ТЖ) (Гц-МГц диапазоны) [127]. Жоғары жиіліктегі сипаттама әдетте шағын уақыт тұрақтылығымен жүретін процестерді көрсетеді, мысалы, заряд тасымалы кедергісі және перовскит қабаты мен заряд тасымалдайтын қабаттар арасындағы шекарадағы сыйымдылық. Төмен жиіліктегі аймақ әдетте үлкен уақыт тұрақтылығына ие процестерге сәйкес келеді, мысалы, перовскит қабатындағы иондардың миграциясы және рекомбинация процестері. Екі түрлі доғаларды көрсететін сигналдар әдетте эквиваленттік схема көмегімен интерпретацияланады, ол екі қатарлас RC тізбегінен тұрады (36b-сурет), сәйкесінше жоғары жиіліктегі және төмен жиіліктегі жарты шеңберлерге сәйкес.

Жоғары жиіліктегі кедергі (RHF) шекарадағы заряд тасымалы кедергісін сипаттайды, ал жоғары жиіліктегі сыйымдылық (CHF) шекаралық сыйымдылықты білдіреді, ол материалдардың диэлектрлік қасиеттерімен және кеңістік заряд аймағымен байланысты болуы мүмкін және көбінесе құрылғының геометриялық сыйымдылығына сәйкес келеді [128, 129]. Төмен жиіліктегі кедергі (RLF) рекомбинация кедергісін көрсетеді, ол перовскит қабатында электрон-кемтік рекомбинацияның жылдамдығын сипаттайды, ал төмен жиіліктегі сыйымдылық (CLF) перовскитті материалдағы иондардың жинақталуымен және поляризация эффектілерімен байланысты химиялық сыйымдылықты білдіреді.



Сурет 36 – (a) әртүрлі аралық қабатта орналасқан CoPc PSC-тің импеданс сипаттамасы, (b) импеданс спектрлерін аппроксимациялау үшін қолданылған эквиваленттік схема және (c) сыйымдылықтың жиілікке тәуелділігі

Әр түрлі HTL қабаттары бар перовскиттік күн элементтері (PSC) үшін өлшенген импеданс спектрлері (IS) екі сипаттамалық жарты шеңберді көрсетеді (36a-сурет). Сонымен қатар, 36c-сурет сыйымдылық графиктері берілген, онда екі тақтайшаны көруге болады, олар импеданс спектрлерінің Найквист диаграммаларындағы доғаларға сәйкес келеді. Эксперименталды деректерді аппроксимациялау 36b-суретте көрсетілген эквиваленттік схема арқылы жүргізілді, ал схема элементтерінің мәндері 10-кестеде көрсетілген. Эксперименталды деректерге жақсырақ сәйкес келу үшін модельде идеалды конденсаторлар орнына тұрақты фазалы элементтер (CPE) қолданылды [130].

Кесте 10 – Перовскитті күн элементтерінің электрлік тасымал параметрлерінің мәндері

Үлгі	R_s (Ω)	R_{HF} (Ω)	R_{LF}(Ω)	CPE_{LF}	n(CPE_{LF})	CPE_{HF}	n(CPE_{HF})
Spiro-OMeTAD	74.23	2085	1479.0	1.59E-06	0.69	9.13E-09	0.87
CoPc	65.10	1241	763.1	1.30E-06	0.75	1.74E-08	0.89
Spiro-OMeTAD/CoPc	44.31	*989*	358.4	7.46E-06	0.78	2.10E-07	0.70
CoPc/Spiro-OMeTAD	29.69	834	592.0	3.98E-06	0.69	2.28E-08	0.87

Импеданс спектроскопиясының нәтижелері 10-кестедегі деректерден көрініп тұрғандай, композиттік HTL-қабаттары бар құрылғылар (Spiro-OMeTAD қабатының үстіне CoPc қабатын немесе керісінше салу) заряд тасымалының кедергісін (RHF) және тізбектік кедергіні (Rs) төмен көрсетеді. Бұл жақсару Spiro-OMeTAD/CoPc шекарасы аймағының қосымша иілуінен туындайды, бұл перовскит қабатынан енгізілген кемтіктердің тасымалын жеңілдетеді [131].

Заряд тасымалының кедергісі төмендегеніне қарамастан, композиттік HTL-қабаттары бар құрылғыларда төмен жиілікті кедергі (RLF) де азаяды, бұл перовскит қабатында электрон-кемтік рекомбинациясының күшеюін көрсетеді. Шекараларда зарядтың шығарылуы тиімді болса да, көлемдік рекомбинация елеулі түрде артса, құрылғының жалпы өнімділігі төмен болуы мүмкін. Белгілі болғандай, HTL-қабаттары PSC-де кемшіліктерді пассивациялауға ықпал етіп, рекомбинация жылдамдығын төмендетеді. HTL-материал ретінде кеңінен қолданылатын Spiro-OMeTAD перовскиттегі кемшіліктерді тиімді пассивациялайды. Таза Spiro-OMeTAD қабаты бар құрылғылар ең жоғары рекомбинациялық кедергіге ие. Ал CuPc қабаты бар құрылғылар ең төменгі фотоэлектрлік сипаттамаларды көрсетеді, себебі рекомбинациялық кедергі төмен. CuPc перовскит шекарасының жолақтарын тиімді түзету арқылы заряд тасымалы кедергісін төмендетсе де, перовскиттегі кемшіліктерді пассивациялауда тиімді емес, бұл көлемдік рекомбинацияның артуына әкеледі. Жалпы алғанда, композиттік HTL-қабаттары заряд тасымалын жақсартса да, көлемдік рекомбинацияның артуы өнімділікті арттыру мүмкіндігін жоққа шығаруы мүмкін. PSC-тердің жұмысын оңтайландыру үшін кемшіліктерді тиімді пассивациялау шешуші маңызға ие болып қала береді.

4.3 Аралық қабаттағы фталоцианиндердегі орталық атом табиғатының перовскиттік күн элементтерінің фотоэлектрлік және электрлік тасымал сипаттамаларына әсері

Зерттеу үшін металсыз фталоцианин (H_2Pc) және оның мырышпен (ZnPc) және мыспен (CuPc) металлкешендері қолданылды. Қос қабатты гетероқұрылымдар қабаттасытырылып жағу әдісімен қалыптастырылды: Spiro-OMeTAD қабаты алдын ала алынған фталоцианин қабаттарының үстіне термиялық буландыру арқылы жағылды. 37-суретте Spiro-OMeTAD қабаты мен H_2Pc/Spiro-OMeTAD, ZnPc/Spiro-OMeTAD, CuPc/Spiro-OMeTAD қос қабатты қабыршақтарының АКМ-бетін көрсету суреттері берілген. Суреттерді талдау Spiro-OMeTAD қабатының бетінде нүктелік кемтіктері бар біркелкі емес морфология бар екенін көрсетеді [132]. Оған қарама-қарсы, қос қабатты қабыршақтардың бетінде нүктелік кемтіктері көрінбейтін біркелкі және тегіс морфология байқалады, бұл Spiro-OMeTAD қабатының фталоцианин қабаты үстінде біркелкі жабылғанын дәлелдейді.



Сурет 37 – (a) Spiro-OMeTAD, (b) H2Pc/Spiro-OMeTAD, (c) ZnPc/Spiro-OMeTAD және (d) CuPc/Spiro-OMeTAD қабыршақтарының бетінің АКМ-суреттері

Spiro-OMeTAD қабыршақтары мен MPc/Spiro-OMeTAD қос қабатты құрылымдарының жұтылу спектрлері 38а-суретте көрсетілген. Спектрлерді талдау көрсеткендей, Spiro-OMeTAD УК-диапазонда сипаттамалық жұтылу шыңдарын көрсетеді, максимумдары 300 және 400 нм аймақтарында орналасқан. Қос қабатты қабыршақтардың жұтылу спектрлерінде 500–800 нм аймағында үш айқын жолақ байқалады, бұл фталоцианиндердің Q- және B-жолақтарына сәйкес келеді. Сонымен қатар, ZnPc/Spiro-OMeTAD қабыршағы зерттелген басқа жүйелермен салыстырғанда ең жоғары оптикалық тығыздыққа ие.



Сурет 38 – (a) Spiro-OMeTAD қабыршақтары мен MPc/Spiro-OMeTAD қос қабатты қабыршақтарының жұтылу және (b) өткізгіштік спектрлері

Кемтік өткізгіштік түрінде зерттелген қабыршақтардың өткізгіштік спектрлері 38b-суретте көрсетілген. Спектрлерді талдау көрсеткендей, барлық қабыршақтар көрінетін және жақын инфрақызыл аймақтарда жоғары өткізгіштік деңгейін көрсетеді, бұл мөлдір өткізгіш қабаттар ретінде қолданылатын материалдарға тән қасиет. Фталоцианиндерге негізделген қабыршақтарда (H_2 Pc, ZnPc, CuPc) спектрлерде сипаттамалық жұтылу жолақтары (өткізгіштік спектрлеріндегі ойыстар) байқалады, олар 500–800 нм аймағындағы Q-жолаққа және 300–400 нм аймағындағы B-жолаққа сәйкес келеді. ZnPc/Spiro-OMeTAD қабыршағы өткізгіштік спектрінде ең айқын ерекшеліктерді көрсетеді, бұл оптикалық тығыздық деректерімен сәйкес келеді және зерттелген жүйелер арасында гетероқабаттың ең тиімді қалыптасуын растайды. Қабыршақтардың оптикалық сипаттамалары 11-кестеде көрсетілген.

Кесте 11 – MPc/Spiro-OMeTAD қос қабатты қабыршақтарының оптикалық сипаттамалары

Үлгі	λ_1, (нм)	λ_2, (нм)	λ_3, (нм)	T, %
Spiro-OMeTAD	305	-	-	0.90
H_2Pc/Spiro-OMeTAD	306	592	720	0.84
ZnPc/Spiro-OMeTAD	302	623	700	0.81
CuPc/ Spiro-OMeTAD	304	634	730	0.82

Осылайша, фталоцианиндер мен Spiro-OMeTAD негізіндегі қос қабатты құрылымдарды қолдану жарықты көрінетін спектр аймағында айтарлықтай жұтылу диапазонын кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл материалдарды перовскитті күн элементтерінде кемтіктерді тасымалдау үшін тиімді қабат ретінде қолдануға перспективті етеді [133].

Фталоцианиндер негізіндегі PSCs-тің вольт-амперлік сипаттамалары мен фотовольтаикалық көрсеткіштері 39-суретте және 12-кестеде көрсетілген. Алынған деректерге қарағанда, MPc/Spiro-OMeTAD тасымалдаушы қос қабатты құрылымы бар күн элементтерінің ВАС параметрлері тек Spiro-OMeTAD негізіндегі элементпен салыстырғанда айтарлықтай жақсарғанын көрсетеді (PCE=16.7). H2Pc/Spiro-OMeTAD қос қабатты құрылымымен күн элементтерінің PCE мәні 17.9% құрады. Аралық қабат ретінде CuPc/Spiro-OMeTAD қолданылғанда PCE 18.2%-ға дейін өсті. Перовскит қабаты мен Spiro-OMeTAD қабаты арасында ZnPc жұқа қабатын қолдану ашық ток кернеуін (Uoc) 0.97 В дейін, қысқа тұйықталу тоғының тығыздығын (Jsc) 26.6 мА/см^2 дейін және толтыру коэффициентін (FF) 0.75 дейін арттыруға, сондай-ақ PCE мәнін 19.3%-ға жеткізуге мүмкіндік берді. Бұл қабыршақтардың бет морфологиясының жақсаруы, кемтіктерді тиімді шығару мен тасымалдау, сондай-ақ шекарадағы рекомбинациялық шығындардың төмендеуімен байланысты. Нәтижесінде, ZnPc/Spiro-OMeTAD тасымалдаушы қос қабаты бар күн элементтерінің соңғы энергияны түрлендіру тиімділігі максималды PCE мәніне дейін 19.3% дейін өседі.



Сурет 39 – MPc/Spiro-OMeTAD қос қабатты қабыршақтар негізіндегі перовскитті күн элементтерінің вольт-амперлік сипаттамалары

Кесте 12 – Күн элементтерінің вольт-амперлік сипаттамалары

Үлгі	U_{oc}(V)	J_{sc}(mA/cm^2)	U_{max}(V)	J_{max}(mA/cm^2)	FF	PCE%
Spiro-OMeTAD	0.96	24.4	0.71	23.7	0.72	16.7
H_2Pc/Spiro-OMeTAD	0.95	25.9	0.75	23.8	0.73	17.9
CuPc/ Spiro-OMeTAD	0.96	26.1	0.78	23.4	0.73	18.2
ZnPc/Spiro-OMeTAD	0.97	26.6	0.79	24.5	0.75	19.3

PSC құрылғыларында HTL қабатын қоспағанда барлық функционалды қабаттар бірдей шарттарда алынғандықтан, ВАС-та байқаған өзгерістері HTL қабатының электртасымалдау сипаттамаларының өзгеруімен байланысты [134]. PSC ішіндегі кемтік тасымалдау композиттік қабаттарының заряд тасымалы және рекомбинация процестеріне әсерін түсіну мақсатында құрылғылардың аз амплитудалы синусоидалық ауысуы кезінде импедванстық жауаптары өлшеніп, талданды. 40а-суретте әртүрлі HTL қабаттары бар PSC үшін импеданс спектрлері көрсетілген. Электртасымалдау сипаттамалары импеданс спектрлері бойынша анықталып, модельді талдау эквиваленттік электрлік схемаға сәйкес жүргізілді (36b-сурет). 13-кестеде Spiro-OMeTAD қабыршағының негізгі электртасымалдау сипаттамалары берілген, мұндағы: Rs – тізбектей жалғанған резистордың кедергісі (контактылар мен өткізгіштердің кедергісі), RHF – жоғары жиіліктегі кедергі (қабаттың көлемдік өткізгіштігін сипаттайды), RLF – төмен жиіліктегі кедергі (интерфейс процестерін сипаттайды).



Сурет 40 – (a) PSC импеданс сипаттамасы және (b) PSC ішінде фталоцианин қабатының функциясын көрсететін иллюстрациясы

Кесте 13 – Электрлік тасымал параметрлерінің мәндер

Үлгі	R_s (Ω)	R_{HF} (Ω)	RLF (Ω)	CPE_{LF}	n CPE_{LF})	CPE_{HF}	n (CPE_{HF})
Spiro-OMeTAD	76.4	2134	1479	2.35×10^{-6}	0.69	9.37×10^{-9}	0.87
H_2Pc/Spiro-OMeTAD	67	3604	2335	1.01×10^{-6}	0.75	5.55×10^{-9}	0.87
ZnPc/Spiro-OMeTAD	53	3578	1231	1.91×10^{-6}	0.75	5.59×10^{-9}	0.89
CuPc/Spiro-OMeTAD	59	1413	1014	2.32×10^{-6}	0.69	1.42×10^{-8}	0.87

Жалпы алғанда, импеданс спектрі екі жарты шеңберден тұрады, бұл импеданс спектрлеріне тән, себебі олар кедергі мен сыйымдылықтың болуын көрсетеді. Таза Spiro-OMeTAD үшін қисық ең үлкен радиусқа ие, бұл толық кедергінің ең жоғары екенін көрсетеді.

Күткеніміз бойынша, H_2Pc/Spiro-OMeTAD композитіне негізделген HTL бар PSCs үшін ішкі тізбектей кедергі Rs ең төмен, Rs = 67 Ом, бұл анод интерфейсінде кемтіктерді жылдам шығаруымен түсіндіріледі. CuPc/Spiro-OMeTAD композитіне негізделген HTL бар PSCs үшін заряд тасымалы кедергісі Rs = 59 Ом болып, одан да төмен кедергіге қол жеткізілді. ZnPc/Spiro-OMeTAD композитіне негізделген HTL бар құрылғыда заряд тасымалы кедергісі Rs = 53 Ом төмен мәндерде байқалады [135, 136]. Ең төмен кедергі

ZnPc/Spiro-OMeTAD құрылымында тіркелді, бұл өткізгіштіктің және фазалар арасындағы қасиеттердің жақсарғанын көрсетуі мүмкін (40b-сурет).

4-бөлім бойынша қорытынды

Жүргізілген зерттеулер негізінде мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Фталоцианин және оның металл кешендері қабыршақтарының жұтылу спектрлерінде қалыңдығы азайған сайын жұтылу спектрлерінің жартылай ені төмендейтіні байқалды. Бұл құбылыс қабыршақ қалыңдығының азаюы нәтижесінде энергия жұтылуы сол орталықтың жұқа қабыршақның жұтылуының әлсіреуімен байланысты.

2. FTO/MPc/Al құрылымындағы әртүрлі қалыңдықтағы MPc қабатымен дайындалған элементтердің фотоэлектрлік қасиеттері өлшенді. Өлшенген ВАС нәтижелері бойынша, металл фталоцианині бар элементтердің Jmax және Jsc мәндері H2Pc негізіндегі фотоұяшықпен салыстырғанда шамамен 2,5 есеге артқаны байқалды. Сонымен бірге барлық MPc үлгілерінде Jsc мәнінің қабыршақ қалыңдығына тәуелділігі өзгеріссіз қалады, алайда Voc мәні қабыршақ қалыңдығына байланысты өзгеретіні анықталды. ZnPc негізіндегі фотоұяшық 34 нм қалыңдықтағы қабыршақ үшін қысқа тұйықталу тоғының тығыздығы Jsc = 12.3 мА/см² және ең жоғары ашық тізбектегі кернеу Voc = 0,90 В мәндерімен ерекшеленеді.

3. FTO/MPc/Al құрылымындағы элементтер үшін импеданс спектрлері алынды. ZnPc қабыршағы үшін заряд тасымалдаушыларының тиімді өмір сүру уақыты 81 мс құрайтыны және зерттелген барлық MPc үлгілері ішінде ең жоғары көрсеткіш болып табылатыны анықталды. Барлық MPc қабыршақтарының электрофизикалық параметрлерінің динамикасы оптикалық тығыздық мәндерінің өзгеруімен, жұтылу жолақтарының қысқа толқынды және көрінетін аймақтарда кеңеюімен түсіндіріледі және вольт-амперлік сипаттамалар деректерімен сәйкес келеді.

4. Spiro-OMeTAD және CoPc негізінде қосқабатты қабыршақтар алу технологиясы әзірленді. Беткі морфологияны зерттеу нәтижелері Spiro-OMeTAD пен CoPc негізіндегі композиттік қабаттың нүктелік ақауларсыз біртекті құрылымға ие екенін көрсетті, бұл заряд тасымалдаушыларының рекомбинациясын барынша азайту үшін аса маңызды. Оптикалық өлшеулер композиттік қабаттың жоғары мөлдірлігін растады, бұл астындағы фотобелсенді материалдың жарықты тиімді жұтуына мүмкіндік беретінін дәлелдеді.

5. Перовскитті күн элементтерінің (PSCs) фотовольтаикалық параметрлерін зерттеу CoPc/Spiro-OMeTAD қабаттарын қолдану фотоэлектрлік сипаттамаларды жақсартып, ПӘК-тің 18,7 % мәніне жеткенін көрсетті. Мұндай жетістік кемтіктерді экстракциялау тиімділігінің артуымен және перовскит пен HTL қабаты арасындағы интерфейсті оңтайландырумен байланысты. Сонымен қатар, CoPc/Spiro-OMeTAD қабаты элементтердің тұрақтылығын айтарлықтай арттырып, 84 %-ға дейін жеткізді. Импеданстық спектроскопия нәтижелері CoPc/Spiro-OMeTAD композиттік HTL қабатының артықшылықтарын қосымша

растады, атап айтқанда тізбектік кедергіні және заряд тасымалдау кедергісін азайтатынын көрсетті.

6. Фталоцианин мен оның металл кешендерінің HTL сипаттамаларын жақсарту үшін аралық қабат ретіндегі рөлі анықталды. Фталоцианиндерді қолдану оптикалық тығыздықтың артуына және спектрдің көрінетін аймағында жұтылу диапазонының кеңеюіне әкеледі. ZnPc/Spiro-OMeTAD қосқабатты тасымалдаушысы бар күн элементтерінде энергияны түрлендіру тиімділігі ең жоғары мән көрсетіп, PCE = 19,3 % мәніне жетті. Мұндай жақсарулар қабыршақтардың оңтайландырылған беткі морфологиясымен, кемтіктердің тиімді экстракциясы мен тасымалдануымен, сондай-ақ шекара аймағындағы рекомбинациялық шығындардың басылуымен байланыстығын айқындады.

5 Spiro-OMeTAD ҚАБЫРШАҒЫНДАҒЫ ФТАЛОЦИАНИН НАНОҚҰРЫЛЫМДАРЫМЕН ЕНГІЗІЛГЕН ЗАРЯД ТАСЫМАЛДАУШЫЛАРДЫҢ ТАСЫМАЛЫ ЖӘНЕ РЕКОМБИНАЦИЯСЫ

Spiro-OMeTAD n-i-p архитектуралы перовскитті күн элементтерінде (PSCs) ең кең таралған HTL болып табылады, себебі бірқатар артықшылықтарға ие. Атап айтқанда, оның тыйым салынған аймағы кең (шамамен 3,0 эВ) және салыстырмалы түрде терең HOMO деңгейіне ие, бұл перовскит қабыршақтарымен тиімді үйлесімділікті қамтамасыз етеді. Сондай-ақ бұл материал қарапайым синтезбен және ерітінділік өңдеу технологиясымен сипатталады. Аталған HTL-дің энергетикалық сипаттамаларын қажеттілікке қарай түзетуге болады. Алайда таза Spiro-OMeTAD төмен өткізгіштікке және заряд тасымалдаушыларының аз қозғалғыштығына ие, бұл әлсіз молекулааралық кулондық өзара әрекеттесулермен түсіндіріледі. Бұл мәселені шешудің тиімді тәсілдерінің бірі – легирлеу. Бастапқы материалға легирлеуші қоспаларды енгізу оның қасиеттерін мақсатты түрде өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс өткізгіштікті арттыру, энергетикалық үйлесімділікті түзету және Spiro-OMeTAD қабыршағының құрылымын жақсарту үшін ең тиімді тәсіл ретінде қарастырылады. Бұл салада белсенді зерттеулер жүргізілуде, кейбір ғалымдар бөгде легирлеуші компоненттердің салдарынан туындайтын ақаулар мен құрылғының тұрақсыздығын азайта отырып, Spiro-OMeTAD негізіндегі PSC тиімділігін едәуір арттыруға ұмтылуда [137]. Осы бөлімде MPc нанотаспаларын алу және зерттеу жұмыстары жүргізілді. ZnPc нанотаспаларымен және нанобөлшектерімен легирленген Spiro-OMeTAD негізінде нанокомпозитті қабыршақтар алынды. ZnPc наноқұрылымдарымен легирленген Spiro-OMeTAD қабыршақтары негізіндегі PSC-лардың электрлік тасымалдау қасиеттері зерттелді.

5.1 Өтпелі металдардың орталық атомының табиғатының фталоцианин нанотаспалары мен оның металлкешендерінің құрылымдық қасиеттеріне әсері

Нанотаспаларды синтездеу процесінде субстратты қыздыру молекулалар арасындағы жазықаралық қашықтықтың өзгеруіне әкелуі мүмкін, бұл өз кезегінде фазаның өзгеруіне алып келеді [138, 139]. Нанотаспалардың максималды ұзындығы мен көлденең өлшемдері синтез уақытына байланысты болады және ондаған миллиметрге жетуі мүмкін [140]. Таспалық құрылымды анықтау үшін АКМ микроскопия әдісі қолданылып зерттеулер жүргізілді. 41-суретте әртүрлі өтпелі металдар (ӨМ) құрамына ие қабыршақтардың нәтижелері келтірілген. Қабыршақтардың қалыңдығы 100 нм құрады. 2 мкм × 2 мкм масштабтағы нанотаспалардың беткі морфологиясының АКМ-сызбасы 41-суретте келтірілген.



Сурет 41 – Нанотаспалардың беткі қабатының АКМ-сызбалары

42-суреттен синтез кезінде фталоцианиндердің наноөлшемді таспаларынан тұратын поликристалдық қабыршақның түзілетіні байқалады. Нанотаспалардың орташа ені H_2Pc үшін – 8 нм, CoPc үшін – 5 нм, CuPc үшін – 4,5 нм және ZnPc үшін – 4 нм құрайды.



Сурет 42 – H_2Pc фталоцианин үлгілерінің және оның CoPc, ZnPc, CuPc металл кешендерінің эксперименттік дифрактограммалары

Үлгілердің рентгенофазалық талдауы (РФА) CuKα-сәулеленуі (λ=1,54056 Å) қолданылған XRD-7000S дифрактометрінде жүргізілді. Түсірілім 2θ бұрыштарының 5°-тан 30°-қа дейінгі аралығында 0,02° қадаммен жүргізілді. Әр қадамдағы түсіру (сканирлеу) уақыты 4 секундты құрады. Қондырғының жұмыс кернеуі мен ток күші тиісінше 40 кВ және 30 мА болды.

Дифрактограммаларды расшифровкалау «Crystallographica Search-Match» арнайы бағдарламалық қамтамасыздандыруы және халықаралық кристаллографиялық «PDF-4» деректер базасы арқылы жүргізілді.

43-суретте фталоцианин мен оның металл кешендерінің дифрактограммалары келтірілген. Фталоцианиндік құрылымдар бірнеше кристалдық модификацияларда болуы мүмкін [141]. Ең белгілілері – термиялық тұрғыдан метатұрақты α-фаза және тұрақты β-фаза.



Сурет 43 – Әртүрлі фазалардағы молекулалардың схематикалық орналасуы

43-суретте әртүрлі фазалар үшін кристаллиттердің орналасу геометриялары келтірілген. Екі кристалдық фазаның негізгі айырмашылығы молекула жазықтығына перпендикуляр бағыт пен оның нормалі арасындағы төмендеу бұрышында жатыр. Металлсыз фталоцианиннің (H_2Pc) дифрактограммаларын талдау 7,28° және 9,41° бұрыштарында (2θ қосымшасында) екі максимумды көрсетті, бұл (200) және (100) дифракциялық жазықтықтарға сәйкес келеді. Рефлекстердің орналасуы PDF-000-42-1889 эталондық дифрактограммасына сәйкес келіп, металлсыз фталоцианин молекулаларының χ-фазада орналасқанын анықтауға мүмкіндік береді [142, 143].

Мыс және кобальтпен легирленген фталоцианиндер β-фазада орналасады [140, p. 3921-3925; 144]. Олар бір ғана дифракциялық шыңға ие, оның максимумы сәйкесінше 7,09° және 7,10° бұрыштарында байқалады, бұл (100) дифракциялық жазықтыққа сәйкес келеді. Рефлекстердің орналасуы эталондық дифрактограммаларға сәйкес келеді: CuPc үшін – PDF-000-11-0893 және CoPc үшін – PDF-000-14-0948.

Мырышпен легирленген фталоцианин үшін максималды рефлекс 2θ=6,94° мәнінде Миллер индексі (100) бойынша байқалады. Бұл α-фазаға сәйкес келеді (PDF-000-11-0714) [32, p. e1803019].

Дифрактограммалар CuPc, CoPc, ZnPc үлгілері үшін 20°-тан 30°-қа дейінгі аралықта бұлдыр жарық көрсетеді. H_2Pc үлгісі үшін 18°-тан 30°-қа дейінгі аймақта бұлдыр жарық байқалады. Олардың болуы рентгенаморфты құрылымдардың немесе наноқұрылымдардың құрамымен түсіндірілетін болуы мүмкін. Алайда көміртекті құрылымдарды, мысалы фталоцианин мен оның металл кешендерін, егжей-тегжейлі зерттеу өте күрделі [145]. Болжам бойынша, осы жұмыста қолданылған бүрку (төсенішке жағу) режимдерінде төсеніштің кристалдану процесі енді ғана басталуда, оған дифрактограммалардағы 7° аймағындағы төмен қарқынды кристалдық шыңдардың және аморфты галонның болуы дәлел бола алады.

5.1.1 Фталоцианин нанотаспалары мен оның металлкешендерінің оптикалық қасиеттерін зерттеу

44-суретте фталоцианин нанотаспалары мен оның металлкешендерінің жұтылу спектрлері келтірілген. 14-кестеде алынған үлгілердің B- және Q-диапазондары үшін оптикалық сипаттамалары көрсетілген. Жұтылу спектрінде екі қарқынды жолақ (Q және B-диапазон) бақыланады. λ=300–400 нм аймағындағы жұтылу спектрінің жолағы аралас π-π* және n-π* $a_{2u} \rightarrow {}^2e_g$ және $b_{2u} \rightarrow {}^2e_g$ ауысуларына сәйкес келеді. λ=650–700 нм аймағындағы жұтылу жолағы (Q-диапазон) π-π* ауысуына $a_{1u} \rightarrow {}^2e_g$ сәйкес келеді [146]. Нанотаспалардың Q- және B-диапазондарындағы жұтылудың екі шыңға жіктелуі Давыдовтық жіктелумен байланысты [147].



Сурет 44 – Фталоцианин нанотаспаларының жұтылу спектрлері.
Кірістірме: электрондық ауысулар диаграммасы

Кесте 14 – Фталоцианин нанотаспаларының жұтылу спектрлерінің сипаттамалары

Үлгі	B-диапазон			Q-диапазон		
	λ_{max}, nm	D	FWHM, nm	λ_{max}, nm	D	FWHM, nm
H_2Pc нанотаспалары	λ=326	D=1.2	61	λ_1=616, λ_2=689	D_1=0.89 D_2=0.45	136
CoPc нанотаспалары	λ=324	D=0.93	56	λ_1=612, λ_2=685	D_1=0.56 D_2=0.42	190
CuPc нанотаспалары	λ_1=369 λ_2=414	D_1=0.93 D_2=0.91	174	λ_1=617, λ_2=764	D_1=0.66 D_2=0.63	275
ZnPc нанотаспалары	λ=320	D=2.07	122	λ_1=624, λ_2=771	D_1=0.97 D_2=0.94	230

Орталық атомға байланысты фталоцианин нанотаспаларының оптикалық тығыздығының пішіні мен мәнінің өзгеруі байқалады. Сонымен қатар, екі диапазонда да FWHM мәндерінің ұлғаюы байқалады. ZnPc нанотаспаларының жұтылу спектрінде B-диапазонның максимумы спектрдің қысқа толқынды аймағына, ал Q-диапазонның максимумы спектрдің ұзын толқынды аймағына ығысқан. Орталық атомға байланысты фталоцианиндік нанотаспалардың пішіні мен оптикалық тығыздығында өзгерістер байқалады.

H_2Pc нанотаспаларының максимумдары 326 нм (B-диапазон), 616 нм және 689 нм (Q-диапазон) толқын ұзындықтарында байқалады. CoPc жұтылу спектрлерінде H2Pc-пен салыстырғанда B- және Q-диапазондардың жұтылу максимумдарының қысқа толқынды аймаққа ығысуы, сондай-ақ B-диапазондағы максимумның жартылай ені азаюы және Q-диапазонда артуы байқалады. CuPc нанотаспаларының жұтылу спектрлерінде жұтылу жолақтарының пішінінің өзгеруі байқалады (44-сурет). Спектрдің максимумдары B- және Q-диапазондарда ұзын толқынды аймаққа ығысқан.

Сонымен қатар, екі диапазонда да максимумдардың жартылай енінің айқын ұлғаюы байқалады. ZnPc нанотаспаларының жұтылу спектрінде B-диапазонның максимумы қысқа толқынды аймаққа, ал Q-диапазонның максимумы спектрдің ұзын толқынды аймағына ығысқан. Жұтылу спектрінің жартылай ені азайғанымен, оптикалық тығыздық мәні артқан. Нанотаспалардың жұтылу спектрлеріндегі жолақтардың кеңеюі мен Q және B-диапазондарындағы максимумдардың ығысуы фталоцианиндердің фазалық күйлерінің түзілуімен байланысты [148].

Нанотаспаларда орталық атомға байланысты Давыдовтық жіктелудің шамасы артады. Давыдов теориясына сәйкес, жіктелудің дәрежесі әртүрлі симметриялы позицияларда орналасқан молекулалар арасындағы өзара әрекеттесу энергиясын сипаттайды [149, 150]. Бұл жағдайда жұтылу жолағы бірнеше компонентке бөлінеді. Компоненттердің саны элементарлық ұяшықта трансляциялық тұрғыдан эквивалентсіз позицияларда орналасқан молекулалардың санына сәйкес келеді. Давыдовтық жіктелудің шамасы H2Pc үшін 1350 $см^{-1}$-ден ZnPc үшін 2230 $см^{-1}$-ге дейін өзгереді [151, 152].

Орталық металл ионының фталоцианин жазықтығынан шығуға бейімділігі мен Q және B жолақтарында (Сope жолағында) байқалатын Давыдовтық жіктелудің шамасы арасында корреляция бар [153]. Кристалдардың альфа-формадан бета-формаға өтуі де жұтылу спектрлерінде елеулі өзгерістерге алып келеді.

5.1.2 Фталоцианин нанотаспалары мен оның металлкешендерінің фотовольтаикалық және электрофизикалық сипаттамаларын зерттеу

Кристалдық күйдегі фталоцианиндерде көршілес молекулалардың конъюгацияланған орбиталдық жүйелерінің күшті қабаттасуы жартылай өткізгіштік қасиеттердің пайда болуына алып келеді [154]. Тыйым салынған аймақтың ені 1,6–1,9 эВ диапазонында өзгереді. Бұл сонымен қатар жоғарғы толтырылған молекулалық орбиталь және төменгі бос молекулалық орбиталь энергия деңгейлерінің орналасуында да байқалады [155]. Белгілі [156, 157], фталоцианин макроциклінің ортасына металл атомын енгізу металдың dsp^2-гибридті рецепторлық орбиталдарының түзілуіне алып келеді, нәтижесінде периферияда орналасқан азот атомдарының электрондық тығыздығы өзгереді.

Фталоцианин нанотаспаларында молекулалар молекулалық ось бойымен топтаса орналасады, соның нәтижесінде бірөлшемді өткізгіш қабатты құрылымдар түзіледі. Металл атомы молекулааралық заряд тасымалын да, сондай-ақ төсеніштен органикалық материалға электрон инжекциясын да тиімді қамтамасыз етеді [158].

Жарық жұтылу спектрлерінде байқалатын өзгерістер молекула ішіндегі электрондық тығыздықтың қайта бөлінуіне алып келеді және фталоцианин молекулалық кешендеріндегі электрондық деңгейлер жүйесінде қосымша энергетикалық күйлердің түзілуі мүмкін екенін болжауға мүмкіндік береді, бұл зерттелген үлгілердің электрофизикалық қасиеттеріне әсер етуі тиіс.

Осы мақсатта бірнеше қабаттан тұратын ұяшықтар дайындалды: мөлдір өткізгіш электрод ITO-мен қапталған әйнек төсеніш (анод); фотобелсенді қабат (фталоцианин қабыршағы); алюминий электрод (45а-сурет). Күн элементінің құрамдас бөліктерінің энергетикалық диаграммасы 45а-суретте көрсетілген.



Сурет 45 – (а) энергетикалық диаграмма және ұяшықтың құрылымы, (b) вольт-амперлік сипаттамалары және (с) ұяшықтардың импеданс спектрлері

Фталоцианин және оның металлкешендері негізіндегі нанотаспалардың вольт-амперлік сипаттамалары 45b-суретте көрсетілген. Орталық атомға байланысты ұяшықтардың ВАС параметрлерінде өзгерістер байқалады. Айқын көрініп тұрғандай, нанотаспалардағы жарық жұтылу артқан сайын, фталоцианин/Al шекарасында еркін заряд тасымалдаушыларына диссоциацияланатын экситондардың мөлшері көбірек түзіледі [159, 160]. Бұл ZnPc нанотаспаларында айқын байқалады (U_{oc} = 1 В және J_{sc} = 12,9 мкА/см²), мұнда жарық жұтылуы басқа фталоцианиндермен салыстырғанда көбірек.

Орталық атомға байланысты ұяшықтардың бос жүріс кернеуінің (Uoc) артуы энергия жоғалтулардың азаюымен байланысты [161]. Нанотаспалардың вольт-амперлік сипаттамаларының параметрлері жұтылу спектрлеріндегі өзгерістермен корреляцияланады. Фталоцианин нанотаспаларының вольт-амперлік сипаттамаларының параметрлері 15-кестеде келтірілген.

Кесте 15 – Фталоцианин нанотаспаларының ВАС параметрлері

Үлгі	U_{oc}, (В)	J_{sc}, (мкА/см^2)	U_{max}, (В)	J_{max}, (мкА/см^2)	FF
H_2Pc нанотаспалары	0,75±0,05	6,7±0,1	0,30±0,05	2,8±0,1	0,17±0,1
CoPc нанотаспалары	0,79±0,05	7,7±0,1	0,35±0,05	3,5±0,1	0,2±0,1
CuPc нанотаспалары	0,84±0,05	9,3±0,1	0,36±0,05	4,1±0,1	0,19±0,1
ZnPc нанотаспалары	0,97±0,05	12,9±0,1	0,34±0,05	4,8±0,1	0,13±0,1

Сонымен қатар, фталоцианин нанотаспаларының ВАС-ындағы қысқа тұйықталу тоғының мәнінің орталық атомға байланысты артуы бірқатар себептермен түсіндірілуі мүмкін: белсенді қабатта заряд тасымалдаушылардың рекомбинациясының азаюы; бөліну бетінің ауданын ұлғайту есебінен заряд тасымалдаушылардың тасмалдауын күшейту [162]. Фталоцианин нанотаспаларындағы заряд тасымалдаушылардың тасымалдау және рекомбинация механизмдерін анықтау үшін фталоцианин нанотаспаларының импеданс спектрлерін өлшеу жүргізілді. Нанотаспалар негізіндегі ұяшықтардың Найквист координаталарындағы импеданс спектрлері 45с-суретте көрсетілген.

16-кестеде фталоцианин нанотаспаларының электртасмалдаушы қасиеттерінің параметрлері EIS-analyzer бағдарламалық пакеті арқылы есептелген мәндермен берілген, мұндағы: (R_w) – қабыршақның эквивалентті кедергісі; (R_{rec}) – локализацияланған электрондардың кемтіктермен рекомбинациясын сипаттайтын кедергі; (k_{eff}) – заряд тасымалдаушылардың тиімді рекомбинация жылдамдығы; (τ_{eff}) – заряд тасымалдаушылардың тиімді өмір сүру уақыты; (D_{eff}) – диффузия коэффициенті. Заряд тасымалдаушылардың қозғалғыштығы (μ) импеданстық сипаттамаларды өлшеу арқылы алынып, тиісті әдіске сәйкес есептелді.

Кесте 16 – Фталоцианин нанотаспаларының электртасмалдау қасиеттері

Үлгі	D_{eff}, (см$^2\cdot$с$^{-1}$)	k_{eff}, (с$^{-1}$)	τ_{eff}, (мс)	R_{rec}, (Ом)	R_w, (Ом)	μ, (см^2/Вс)
H_2Pc нанотаспалары	$1,26\cdot10^{-7}$	70,5	14,2	$1,35\cdot10^{5}$	13178	$1,4\cdot10^{-7}$
CoPc нанотаспалары	$1,73\cdot10^{-6}$	331,13	3,0	12016	370,1	$5,0\cdot10^{-5}$
CuPc нанотаспалары	$1,32\cdot10^{-5}$	150,7	6,63	37289	63,2	$1,5\cdot10^{-4}$
ZnPc нанотаспалары	$1,13\cdot10^{-5}$	229	4,36	21325	62,2	$1,8\cdot10^{-4}$

Фталоцианиндердің электртасымалдауының сипаттамалары бойынша бұрынғы зерттеулер негізінен жартылай өткізгіш–металл фазалық ауысуын анықтауға [99, p. 847-850], көпқабатты композиттегі Шоттки эффектісінің көрінісіне [163], [164] арналды. Ал біздің зерттеулерімізде фталоцианин нанотаспаларының электртасымалдауының сипаттамалары орталық металл атомына тәуелді екені анықталды.

Нәтижелерді талдау көрсеткендей, зерттелген фталоцианиндердің ішінде H_2Pc нанотаспалары заряд тасымалдаушылардың еркін жүруінің тиімді ұзындығының төмен мәнімен және аз қозғалғыштығымен ерекшеленеді. Бұл жағдайда рекомбинациялық кедергінің мәні жоғары және өткізгіштік төмендеген.

CoPc-ке ауысқан сайын D_{eff} шамасы бір реттілікке, ал заряд тасымалдаушылардың қозғалғыштығы екі реттілікке артады. Рекомбинациялық кедергі 10 еседен астам, ал эквивалентті кедергі 35 есеге төмендейді. Cu немесе Zn орталық атомдарына көшу D_{eff} және заряд тасымалдаушылардың қозғалғыштығының шамасын тағы бір реттілікке арттырады. Рекомбинациялық және эквивалентті кедергілер де азаяды.

Өткізгіштіктің мұндай жоғары мәні металл ионына тәуелді π-электрондардың қабаттасқан фталоцианиндік сақиналардың күйлері арқылы өту мүмкіндігімен түсіндіріледі [165].

Алынған нәтижелер заряд тасымалдау механизмінде металл иондарының органикалық лигандпен координациялық әрекеттесу барысында түзілетін қосымша энергетикалық күйлердің қатысатынын көрсетеді. Осылайша, нанотаспалардың электртасмалдаушы сипаттамаларының мәндері және жарық жұтылу спектрлері мен вольтамперлік сипаттамалардың нәтижелерін толықтырады [166].



Сурет 46 – Металлдың dsp^2 гибридті рецепторлық орбитальдарының түзілуі

Фталоцианиндердің электрондық құрылымы орталық металл ионының оны қоршаған органикалық лигандпен өзара әрекеттесуіне байланысты анықталады. Металл ионы фталоцианин макроциклінің органикалық лигандына енгізілген кезде, металлдың рецепторлық гибридті орбитальдарының түзілуі байқалады (46-сурет). Гибридті орбитальдар макроциклдің периферриялық аймақтарындағы электрондық тығыздықтың өзгеруіне ықпал етеді, нәтижесінде молекула ішіндегі электрондық тығыздық қайта бөлінеді. Мұның барлығы, түптеп келгенде, фталоцианин молекулаларының электрлік қасиеттерінің өзгеруіне алып келеді. Демек, заряд тасымалдау механизмінде металл иондарының органикалық лигантпен координациялық әрекеттесу процесінде түзілетін қосымша энергетикалық күйлер қатысатынын көрсетеді. Осылайша, алынған нанотаспалардың электртасымалдауының сипаттамалары жұтылу спектрлері мен вольт-амперлік сипаттамалардың нәтижелерін толықтырады.

5.2 Spiro–OMeTAD:ZnPc нанокомпозитті қабыршақтарының кванттық-химиялық есептеулері

Тығыздық функционалы әдісі (DFT) бойынша кванттық-химиялық есептеулерді жүргізу үшін *Gaussian 16, Revision C.01* бағдарламалық пакеті қолданылды [167]. Қазіргі таңда бұл әдіс әртүрлі функционалдардың кең жиынтығын қамтиды. Зерттеліп отырған объектінің оптикалық қасиеттерін есептеу үшін B3LYP гибридті функционалы [168-170] 6-311++g(d,p) базистік жиыны [171-179] арқылы пайдаланылды. Тербеліс жиіліктерін есептеу нәтижесінде теріс мәндердің болмауы алынған барлық құрылымдардың ғаламдық минимумға сәйкес келетінін көрсетті. Димерлерді есептеуде молекулааралық әрекеттесулерді эмпирикалық параметрлеу Гримме моделінің D3 нұсқасы (*GrimmeD3*) шеңберінде ескерілді. Барлық есептеулер еріткіштерді ескермей жүргізілді.

Spiro–OMeTAD және ZnPc молекулалары арасындағы арақашықтықты бағалау үш жүйеде келесі сызба бойынша жүзеге асырылды. Алдымен Spiro–OMeTAD және ZnPc жекелеген молекулаларының оптимизациясы жүргізілді. Кейін осы жеке молекулалардың оптимизацияланған құрылымдары негізінде молекула димерлерінің құрылымдары оптимизацияланды.

Қайта құрылу энергиясы (λ) молекуланың зарядталған күйден бейтарап күйге және бейтарап күйден зарядталған күйге геометриялық релаксация энергиясын сипаттайды және келесі түрде бағаланды:

$$\lambda_{hole} = \lambda_{+} + \lambda_{1} \tag{13}$$

мұнда λ_{hole} – молекуланың бейтарап күйден зарядталған күйге геометриялық релаксация энергиясы [180];

λ_1 – молекуланың зарядталған күйден бейтарап күйге релаксация энергиясы [181].

Жоғарыда көрсетілген теңдеу λh үшін адиабаттық потенциалдық энергия беттерінен тікелей есептелді [182-184].

Кемтіктің (hole) қайта құрылу энергиясы (λh) мынадай өрнек бойынша есептелді:

$$\lambda_{hole} = \lambda_{+} + \lambda_{1} = [E^{+}(A) - E^{+}(A^{+})] + [E(A^{+}) - E(A)] = IP(v) - HEP \tag{14}$$

мұнда $E^0(R)$ – оптимизациядан кейінгі бейтарап молекуланың энергиясы;

$E^0(R)^+$ – оптимизациядан кейінгі молекула катионының энергиясы;

$E^1(R)^+$ – бейтарап молекуланың геометриясында есептелген оң зарядталған молекуланың энергиясы;

$E^{+1}(R)$ – катион геометриясын қолданғандағы бейтарап молекуланың энергиясы;

IP(v) (vertical ionization potential) – тік иондалу потенциалы;

HEP (hole extraction potential) – кемтікті экстракциялау потенциалы.

Келесі кезеңде молекулааралық тасымалдау интегралына байланысты есептеулер орындалды. Молекулааралық тасымалдау интегралы V_h көршілес молекулалар арасындағы электрондық байланыс күшін сипаттайды. Органикалық жартылай өткізгіштердегі электрондық өзара әрекеттесулерді бағалау үшін кеңінен қолданылған ең қарапайым тәсіл Купманс теоремасына [185] негізделеді, ол бірэлектрондық жуықтауға сүйенеді. Молекулааралық тасымалдау интегралдарының абсолютті мәндерін екі бейтарап молекуладан тұратын димердегі HOMO деңгейлерінің электрондық жіктелуінің жартысына тең деп жақсы бағалауға болады.

$$V_h = \frac{\varepsilon_{homo} - \varepsilon_{homo-1}}{2} \tag{15}$$

мұнда ε_{homo} – HOMO энергиясы;

ε_{homo} –1 бейтарап күйдегі димердің жабық конфигурациясынан алынған HOMO-1 энергиясы.

Келесі қадам заряд тасымалдаудың секірмелі жылдамдығын табу болды, ол шамамен Маркус–Хаш теңдеуімен сипатталуы мүмкін [5, p. 802890; 21, p. 111937].

$$K_{et_h} = \left(\frac{\pi}{\lambda_h k_B T}\right)^{1/2} \times \frac{V_h^2}{\hbar} \times \exp\left(-\frac{\lambda}{4k_B T}\right) \tag{16}$$

мұнда V_h – молекулааралық тасымалдау интегралы;

T – температура;

k_B – Больцман тұрақтысы;

ħ – Планк тұрақтысы;

λ_h – кемтіктің қайта құрылу энергиясы.

Белгілі болғандай, заряд тасымалдау диффузия процессі арқылы сипатталуы мүмкін, мұнда заряд тасымалдаушы көршілес молекулалар арасында тасымалдау жылдамдықтарына сәйкес секіріп отырады, бұл жағдайда сыртқы электр өрісінің болмауы қарастырылады. Әлсіз өріс шегінде заряд тасымалдаушылардың қозғалғыштығы Эйнштейн қатынасымен жақсы сипатталады [186].

$$\mu = \frac{eD}{k_B T} \tag{17}$$

мұнда e – электрон заряды;

D – заряд тасымалдаушылардың диффузия коэффициенті.

Эйнштейн–Смолуховский теңдеуінің [187] көмегімен есептелетін кемтіктердің қозғалғыштығы бойынша алынған тәжірибелік деректерден D диффузия коэффициентін біле отырып, димердегі L қашықтығын анықтауға болады.

$$D = \frac{L^2 K_{et}}{2} \tag{18}$$

Алынған кемтіктердің қозғалғыштығы деректерінің негізінде үш жүйе үшін Spiro-OMeTAD және ZnPc молекулалары арасындағы қашықтық DFT функционалдық әдісі арқылы есептелді.

Оңтайландырылған Spiro-OMeTAD және ZnPc молекулаларының құрылымдары 47-суретте көрсетілген. Олардың декарттық координаттары қосымша ақпарат файлына енгізілген. HOMO және HOMO-1 құрылымдары ұсынылған. DFT есептеулерінің нәтижесінде алынған λ_{hole}, V_{hole}, K_{hole} және D_{hole} мәндері 17-кестеде берілген. Dhole мәндері кемтіктердің қозғалғыштығының тәжірибелік шамаларынан есептелді. Spiro-OMeTAD/ZnPcnpsт және Spiro-OMeTAD/ZnPcnws жүйелері үшін есептеулерде ZnPc молекуласының оңтайландырылған димері пайдаланылды.



a b

Сурет 47 – (a) Spiro-OMeTAD және (b) ZnPc молекулаларының оңтайландырылған құрылымдары

Кесте 17 – Есептелген λ_{hole}, V_{hole}, K_{hole}, және D_{hole} мәндері

Үлгілер	λ_{hole} (эВ)	V_{hole} (эВ)	K_{hole} ($с^{-1}$)	D_{hole} ($см^2с^{-1}$)
Spiro-OMeTAD	0.16987	0.01741	$2.32\text{x}10^{12}$	0.00505
Spiro-OMeTAD/$ZnPc_{nps}$	0.03706	0.01755	$1.88\text{x}10^{13}$	0.01768
Spiro-OMeTAD/$ZnPc_{nws}$	0.03706	0.01755	$1.88\text{x}10^{13}$	0.03284

Кейін, 17-кестедегі деректерге сүйене отырып, 6-формуланы қолдану арқылы Spiro-OMeTAD және ZnPc молекулалары димерлеріндегі молекулалар арасындағы қашықтық бағаланды. Алынған нәтижелер 18-кестеде көрсетілген.

Кесте 18 – Есептелген димердегі молекулалар арасындағы қашықтықтар

Үлгілер	L, (cm)
Spiro-OMeTAD	6.59×10^{-8}
Spiro-OMeTAD/$ZnPc_{nps}$	4.34×10^{-8}
Spiro-OMeTAD/$ZnPc_{nws}$	5.91×10^{-8}

18-кесте деректерінен көрініп тұрғандай, Spiro-OMeTAD/ZnPcnws құрылымы жағдайында ZnPc молекулалары арасындағы қашықтық Spiro-OMeTAD/ZnPcnps-пен салыстырғанда 1,5 Å-ден артық ұлғаяды. Молекулалар арасындағы ең үлкен қашықтық Spiro-OMeTAD димері үшін алынды. Бұл Spiro-OMeTAD молекуласының күрделі тармақталған құрылымымен байланысты болуы мүмкін, онда азот атомымен байланысқан периферриялық сақиналар кеңістікте айнала алады.

5.3 Spiro-OMeTAD-тың ZnPc нанотаспаларымен және нанобөлшектерімен легирленген құрылымдық-оптикалық қасиеттері

Алғашқы кезеңде термиялық буландыру және бу фазасынан физикалық градиентті-температуралық тұндыру (TG-PVD) әдістерімен ZnPc қабыршақтары мен нанотаспалары алынды. ZnPc қабыршақтары мен нанотаспалары механикалық түрде хлорбензол ерітіндісіне субстраттан алынып тасталды, алынған ерітінді диспергирленген ерітінді алу үшін ультрадыбыстық ваннада ұсталды. Нанокомпозитті қабыршақтарды алу Spiro-OMeTAD-ты диспергирленген хлорбензол және ZnPc ерітіндісімен араластыру арқылы жүзеге асырылды. Spiro-OMeTAD-тың жұқа қабыршақтары және нанокомпозитті Spiro-OMeTAD:ZnPc қабыршақтары центрифугалау әдісімен жағылды. Spiro-OMeTAD/ZnPc жұқа нанокомпозитті HTL алу схемалық бейнесі 48a-суретте көрсетілген.

48b, 48c, 48d-суретте нанобөлшектермен ($ZnPc_{nps}$) және ZnPc нанотаспаларымен ($ZnPc_{nws}$) допингтенген Spiro-OMeTAD HTL бетінің АСМ бейнелері берілген. 2b-суреттен көрініп тұрғандай, таза Spiro-OMeTAD бетінің морфологиясы ең жоғары Ra=1,22 нм кедір-бұдырлыққа және нүктелік кемтіктердің жоғары тығыздығына ие. Spiro-OMeTAD-қа $ZnPc_{nps}$ нанобөлшектері қосылғанда, бет әлдеқайда тегіс болып, Ra = 0,24 нм-ге тең болады (48c-сурет). Spiro-OMeTAD/$ZnPc_{nws}$ композитті қабыршақтарында Ra шамалы артып, 0,27 нм-ге жетеді (48d-сурет). Сондай-ақ, қабыршақтарда нүктелік кемтіктердің төмен тығыздығы байқалады. $ZnPc_{nps}$ және $ZnPc_{nws}$ Spiro-OMeTAD-қа қосылған кезде бетінің кедір-бұдырлығы азайып, нүктелік кемтіктердің болмауы байқалады. Алынған тегіс бет перовскит пен металл электрод арасында тиімді әрі селективті контактіні қамтамасыз етеді, бұл перовскит HTL гетероауысымында қолайлы жағдай жасайды [188].



Сурет 48 – Жұқа қабыршақтарды алудың морфологиялық бет бейнесі (a) Spiro-OMeTAD қабыршақтарының, (b) нанокомпозитті Spiro-OMeTAD/ZnPcnps қабыршақтарының және (c) Spiro-OMeTAD/ZnPcnws қабыршақтарының АКМ бейнелері

Нанокомпозитті қабыршақтардың морфологиясындағы байқалған жақсарулар қату процесінің жеңілдеуімен байланысты болуы мүмкін. Дисперстік түрдегі ZnPc кристалдану орталықтары ретінде қызмет етіп, Spiro-OMeTAD-тың қату процесін жеңілдетуі мүмкін [189].



Сурет 49 – Spiro-OMeTAD қабыршақтарының және нанокомпозитті Spiro-OMeTAD/ZnPc қабыршақтарының Раман спектрлері

49-суретте таза Spiro-OMeTAD қабыршақтарының және ZnPc наноқұрылымдарымен допингтенген қабыршақтардың комбинациялық шашырау спектрлері келтірілген. Комбинациялық шашырау спектрлері 600 см$^{-1}$–ден 1800 см$^{-1}$–ге дейінгі диапазонда өлшенді, олардың шыңдары Spiro-OMeTAD-тың тербелмелі спектрінің жолағына сәйкес келеді. 800 см$^{-1}$ диапазонындағы Раман шыңдары Spiro-OMeTAD үлгілерімен салыстырғанда Spiro-OMeTAD/ZnPc$_{nps}$ және Spiro-OMeTAD/ZnPc$_{nws}$ қабыршақтарында анағұрлым қарқынды болып көрінеді, бұл ақаулар тығыздығының төмендігін көрсетеді. Бұдан бөлек, Spiro-OMeTAD-қа ZnPc наноқұрылымдары енгізілген кезде шыңдардың қарқындылығының өсуі байқалады. Spiro-OMeTAD қабыршағындағы Раман спектрлерінің қарқындылығынің артуы кристалдық дәреженің жоғарылауымен байланысты, бұл алдыңғы зерттеулермен расталған [190]. Алынған нәтижелер ZnPc наноқұрылымдарының кристалдануды жақсартуға және Spiro-OMeTAD қабыршағының ақаулылығын азайтуға ықпал ететінін болжауға мүмкіндік береді.

50a-суретте бастапқы ZnPcnps және ZnPcnws жұтылу спектрлері көрсетілген. ZnPcnps қабыршақтары үшін λ = 341 нм аймағында қарқынды жолақ байқалады, ол B-диапазоны аймағында жатады, сондай-ақ 631–692 нм жолақ тіркеледі, ол Q-диапазоны аймағына сәйкес келеді. ZnPcnws жағдайында жұтылу спектрлері 310–380 нм аймағында екі қарқынды жолаққа ие, олар B-диапазон жұтылу спектрлеріне сәйкес келеді, және 639–735 нм аймағында орналасқан жолақ Q-диапазон аймағына жатады. B-диапазоны аймағындағы жолақ аралас π-π* және n-π ауысуларына (a2u→2eg және b2u→2eg), ал Q-диапазондағы жолақ π-π* ауысуына (a1u→2eg) сәйкес келеді (50b-сурет).



Сурет 50 – (a) ZnPc наноқұрылымдарының спектрлері, (b) ауысулардың электрондық сұлбасы, (c) қабыршақтардың жұтылу спектрлері және (d) Tauc-графиктері

50c-суретте бастапқы Spiro-OMeTAD қабыршақтарының және ZnPc наноқұрылымдарымен допингтенген қабыршақтардың жұтылу спектрлері көрсетілген. Негізгі жұтылу шыңы λ = 316 нм және λ = 378 нм аймақтарында байқалды, олар тиісінше төмен энергиялы жұтылу аймағындағы π–π* ауысуына және n–π* ауысуына сәйкес келеді. Spiro-OMeTAD-қа $ZnPc_{nps}$ және $ZnPc_{nws}$ наноқұрылымдарын қосқанда, Spiro-OMeTAD қабыршағының жұтылу жиегінің төмен энергия жағына батохромды ығысуы байқалады, бұл ZnPc наноқұрылымдарын енгізумен шақырылған Spiro-OMeTAD молекулаларының агрегациясымен байланысты болуы мүмкін.

Spiro-OMeTAD қабыршақтарының жұтылу спектрлері негізінде тұрғызылған $(Ahν)^2$–hν тәуелділігі 50d-суретте көрсетілген. Алынған деректер бойынша Spiro-OMeTAD/$ZnPc_{nps}$ қабыршағы үшін оптикалық тыйым салынған аймақтың ені (Eg) Eg=2,94 эВ құрады, ал Spiro-OMeTAD/$ZnPc_{nws}$ қабыршақтары үшін Eg=2,95 эВ мәні алынды, бұл Spiro-OMeTAD қабыршағынан (Eg = 2,96 эВ) сәл тар. Spiro-OMeTAD қабыршағының тыйым салынған аймақ ені ZnPc нанокұрылымдарын қосудың нәтижесінде азаюы молекулалық бағдарланумен және π–π стекинг өзара әрекеттесулерінің күшеюімен байланысты. Мұндай бағдарлану құрылымның тығыз оралуына әкеліп, заряд тасымалдаушылардың делокализациясын күшейтеді [191].

5.3.1 ZnPc нанокұрылымдарының перовскитті күн элементтеріндегі заряд тасымалдаушыларының тасымалдану және рекомбинация процесстеріне әсерін зерттеу

Нанокомпозиттерге негізделген Spiro-OMeTAD\:ZnPc фотовольтаикалық сипаттамаларын зерттеу үшін n-i-p конфигурациясымен PSC құрылғылары дайындалды, күн элементінің архитектурасы 51a-суретте көрсетілген. FTO/TiO_2/CH3NH3I3PbClx/ZnPc/Spiro-OMeTAD/Ag энергетикалық диаграммасы 51b-суретте берілген. Әртүрлі HTL қолданылған PSC құрылғыларының вольт-амперлік сипаттамалары (ВАС) 51c-суретте көрсетілген.



Сурет 51 – (a) PSC құрылымы, (b) энергетикалық диаграмма, (c) PSC-тің вольт-амперлік сипаттамалары және (d) PCE статистикасы

51c-суретте әртүрлі HTL-і бар PSC-тердің вольт-амперлік сипаттамалары (ВАС) көрсетілген. ВАС-дан PSC-тердің тиімділігі мен өнімділігі есептелген, олар 19-кестеде келтірілген. Кестелік деректерден көрініп тұрғандай, HTL

Spiro-OMeTAD-пен дайындалған PSCs қысқа тұйықталу тоғының тығыздығы (Jsc) 23.5 мА/см², ашық тізбектегі кернеу (Voc) 0.94 В және қуат түрлендіру тиімділігі (PCE) 17.2% ең төмен мәнге ие. Spiro-OMeTAD/ZnPcnps нанокомпозитті HTL қолданылғанда, Jsc 24.9 мА/см²-ге және Voc 0.95 В-қа артуына байланысты PCE 17.8%-ға дейін жоғарылады. Ал Spiro-OMeTAD/ZnPcnws нанокомпозитті HTL бар PSC ең жоғары PCE (18.7%) көрсетті, мұнда Jsc 25.8 мА/см² және Voc= 0.97 В болды. Бұл деректер $ZnPc_{nps}$ және $ZnPc_{nws}$ Spiro-OMeTAD-қа енгізілген кезде PSCs өнімділігін арттыруға пайдалы әсер беретінін дәлелдейді. Бұл процесс, шамасы, нанокомпозитті фталоцианин/Spiro-OMeTAD жүйесінің синергетикалық әсерімен шақырылған HTL қабаты арқылы электрондардың ағуын тиімді тежеумен байланысты [192].

Кесте 19 – Перовскитті күн элементтерінің фотоэлектрлік сипаттамаларының мәндері

Үлгі	U_{oc}(V)	J_{sc}(mA/cm^2)	U_{max}(V)	J_{max}(mA/cm^2)	FF	PCE%
Spiro-OMeTAD	0.94	23.5	0.75	23.0	74	17.2
Spiro-OMeTAD/$ZnPc_{nps}$	0.95	24.9	0.76	23.5	75	17.8
Spiro-OMeTAD/$ZnPc_{nws}$	0.97	25.8	0.78	24.1	78	18.7

Ұқсас динамика толтыру коэффициенті (FF) үшін де байқалады. Атап айтқанда, HTL Spiro-OMeTAD бар PSCs айтарлықтай төмен FF-ке ие болып, ол 74% құрайды. Бұл Spiro-OMeTAD қабыршақтарындағы нүктелік кемтіктерге байланысты пайда болатын шунттаушы кедергіден туындайтын токтың ағуымен түсіндіріледі, ол электрондық тежеудің нашарлауына және зарядтың артық рекомбинациясына әкеледі. Spiro-OMeTAD/ZnPcnps нанокомпозиттерінде FF 75%-ға дейін сәл жақсаруы байқалды. Бұл ZnPcnps-ті Spiro-OMeTAD HTL-ға енгізу арқылы заряд тасымалдаушыларының рекомбинациясының баяулауын көрсетеді, нәтижесінде PSCs-та FF жақсарады. Ал ZnPcnws енгізілген Spiro-OMeTAD жағдайында FF ең жоғары мәнге жетіп, 78% құрады.

51b-суретте түрлі HTL қолданылып, бірдей жағдайларда дайындалған PSCs үшін PCE-нің статистикалық таралуы көрсетілген. Көріп тұрғанымыздай, ZnPc наноқұрылымдарын енгізгеннен кейін PCE артады, бұл негізінен Jsc-тің жақсаруы есебінен болады. Жоғары көрсеткіштердің қол жеткізілуі нанотаспалардағы фталоцианин молекулаларының молекулалық ось бойымен реттеліп орналасуға бейімділігімен байланысты, бұл ламеллярлы құрылымның түзілуіне әкеледі. Осындай реттелген құрылымның арқасында электрондар нанотаспа бойымен дерлік шашыраусыз қозғала алады, бұл энергия шығынын азайтады. Бұны бұған дейінгі зерттеуімізде алынған эксперименттік деректер растайды, олар электрондардың еркін жүру ұзындығының артқанын көрсетеді. Бұл параметрдің артуы құрылымның жоғары дәрежелі реттелгенін және ақаулардың төмен деңгейін көрсетеді.

Нанокомпозитті Spiro-OMeTAD/ZnPc қабыршақтары негізінде дайындалған элементтердің тұрақтылығын бағалау үшін PSCs-қа тұрақтылық сынақтары жүргізілді. Тұрақтылық сынақтары бөлме температурасында AM 1.5G шамының сәулеленуі жағдайында өткізілді. Суреттен көрініп тұрғандай, Spiro-OMeTAD негізіндегі PSCs төмен тұрақтылық көрсетті, олардың PCE бастапқы мәндерінің 60 %-ына дейін айтарлықтай төмендеді. Бұл перовскиттің деградациясына көбірек бейім болатын ашық аймақтарды қалыптастыратын микрокеуектер мен жарықшақтардың болуымен байланысты болуы мүмкін [193]. Ал Spiro-OMeTAD/ZnPcnps және Spiro-OMeTAD/ZnPcnws нанокомпозитті қабыршақтарын қолданғанда, тиісінше бастапқы PCE-нің 74% және 78% деңгейінде сақталған жақсарған тұрақтылық байқалды. Демек, Spiro-OMeTAD/ZnPc нанокомпозитті қабыршақтарына негізделген PSCs Spiro-OMeTAD негізіндегі құрылғылармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары тұрақтылық көрсетті, бұл коммерцияландыру үшін маңызды фактор болып табылады.

ZnPc молекулаларының құрылымдық ұйымдасуының композитті қабыршақтардағы заряд тасымалдаушылардың тасымалдануы мен рекомбинациясына әсерін анықтау үшін PSC-тердің импеданс спектрлері (IS) өлшенді. Өлшемдер 107 Гц-тен 10 Гц-ке дейін жиілік диапазонында 1,0 В ығысу кернеуінде жүргізілді. 51a, 51b-суретте, әртүрлі HTL-і бар PSC-тер үшін Найквист диаграммалары көрсетілген. Суреттен көрініп тұрғандай, импеданс спектрлері екі жарты шеңберден тұрады, біреуі жоғары жиіліктер аймағында (HF, кГц диапазоны) және екіншісі төмен жиіліктер аймағында (LF, мГц-Гц диапазоны). HF-аймақ әдетте перовскит қабаты мен электрон тасымалдайтын қабаттар арасындағы интерфейстегі заряд тасымалдау кедергісі мен сыйымдылық сияқты кіші уақыт константалары бар процесстерді сипаттайды. LF-аймақ әдетте перовскит қабатындағы иондардың қозғалысы және рекомбинациялық үдерістер сияқты үлкен уақыт константалары бар процесстерді сипаттайды. Байқалған екі доға әдетте жоғары жиілікті және төмен жиілікті жарты шеңберлерге сәйкес келетін екі ішке орналасқан RC-тізбегінен тұратын эквивалентті схема арқылы интерпретацияланады (51c-сурет). Жоғарыда талқыланғандай, жоғары жиілікті кедергі (RHF) интерфейстегі заряд тасымалдау кедергісін білдіреді, ал жоғары жиілікті сыйымдылық (CHF) материалдардың диэлектрикалық қасиеттері мен кеңістіктік заряд аймағымен байланысты болуы мүмкін интерфейске байланысты сыйымдылықты көрсетеді, сонымен қатар жиі құрылғының геометриялық сыйымдылығымен байланысты болады [194]. Төмен жиілікті кедергі (RLF) рекомбинация кедергісін білдіреді, бұл перовскит қабатындағы электрон-кемтік жұптарының рекомбинация жылдамдығын көрсетеді, ал төмен жиілікті сыйымдылық (CLF) перовскит материалдағы иондардың жиналуы мен поляризация әсерлеріне байланысты химиялық сыйымдылықты көрсетеді. Схема элементтерінің мәндері 20-кестеде келтірілген. Алайда, конденсаторлардың орнына тұрақты фаза элементтері (CPE) қолданылды.

Кесте 20 – Қабыршақтардың электрофизикалық параметрлерінің мәні

Үлгі	R_w,(Ohm)	R_{rec},(Ohm)	R_{rec}/R_w	τ_{eff}, (msec)	k_{eff}, (sec^{-1})
Spiro-OMeTAD	73	3660	50.1	0.19	12535
Spiro-OMeTAD/$ZnPc_{nps}$	40	3401	85	0.11	8749
Spiro-OMeTAD/$ZnPc_{nws}$	29	1454	50.1	0.19	8571

IS және 20-кестеден көрініп тұрғандай, Spiro-OMeTAD/ZnPcnws композитті HTL негізіндегі құрылғылар төменгі заряд тасымалдау кедергісін (RHF) және тізбекті кедергіні (Rs) көрсетеді. Бұл жақсаруды Spiro-OMeTAD/ZnPcnws интерфейсіндегі қосымша аймақтардың иілуімен түсіндіруге болады, бұл перовскит қабатынан инжекцияланғаннан кейін кемтіктердің тасымалдануын жеңілдетеді. Ұқсас әсер жұмыстарында байқалған. Заряд тасымалдау кедергісінің төмендеуімен бірге композитті HTL-і бар құрылғылар үшін төмен жиілікті кедергінің (RLF) төмендеуі де байқалады, бұл перовскит қабатындағы электрондар мен кемтіктердің рекомбинациясының артқанын көрсетеді. Интерфейстерде зарядтың шығарылуы тиімдірек болғанымен, егер көлемдік рекомбинация айтарлықтай артса, құрылғының жалпы өнімділігі жақсара алмайды. Сонымен қатар, HTL-дегі Pc-лер PSC-тегі кемтіктерді пассивациялайтыны және рекомбинация жылдамдығын төмендететіні белгілі [195]. Spiro-OMeTAD HTL материалы ретінде кеңінен қолданылады және перовскиттегі кемтіктерді пассивациялауда тиімді. Біздің жағдайда таза Spiro-OMeTAD HTL-і бар құрылғылар ең жоғары рекомбинация кедергісін көрсетіп, сонымен бірге ең төмен фотоэлектрлік өнімділікті көрсетеді. Spiro-OMeTAD/ZnPcnws перовскит интерфейсімен қолайлы аймақ туралауы арқылы төменгі заряд тасымалдау кедергісін қамтамасыз етсе де, ол көлемдік рекомбинация артқандықтан перовскиттегі кемтіктерді пассивациялауда тиімсіз. Мұнда PSC фотоэлектрлік өнімділігін арттыруда Spiro-OMeTAD/ZnP_{cnws} интерфейсіндегі қосымша аймақ иілімінің құрылуының шешуші рөл атқаратыны анық, бұл перовскит қабатынан инжекцияланғаннан кейін кемтіктердің тасымалдануын күшейтеді. Spiro-OMeTAD/$ZnPc_{nps}$ HTL-імен салыстырғанда Spiro-OMeTAD/$ZnPc_{nws}$ HTL-і бар құрылғыларда байқалған жоғары фотоэлектрлік өнімділік көрсеткіші $ZnPc_{nws}$-те молекулалардың молекулалық ось бойымен топтасуы нәтижесінде бір өлшемді өткізгіш ламельді құрылымдардың пайда болуымен байланысты, онда өткізгіштік артады, нәтижесінде заряд тасымалдаушылардың тұтқырларда болу уақыты қысқарады. Жалпы, композитті HTL-лер заряд тасымалдауды жақсартуға ықпал етеді, бұл әлеуетті өнімділік өсіміне әкеледі. Бұл жағдайда кемтіктердің тиімді пассивациясы PSC өнімділігін оңтайландыру үшін шешуші мәнге ие емес.

5-бөлім бойынша қорытынды

Жүргізілген зерттеулер негізінде келесі қорытындыларды жасауға болады:

1. Алынған нанотаспа үлгілеріне жүргізілген рентгенфазалық талдау синтез процесінде α-, β- және χ-кристалдық фазалардың түзілетінін көрсетті.

Фталоцианин және оның металл кешендері нанотаспалардың жұтылу спектрлерінде жолақ пішіндерінің өзгерістері байқалды. Бұл өзгерістер фазалық күйлердің түзілуімен, сондай-ақ металлдың орталық ионының макроцикл жазықтығынан ығысу бейімділігі мен Давыдовтың ыдырау шамасы арасындағы корреляциямен байланысты.

2. Нанотаспалардың жоғары өткізгіштігі π-электрондардың байланысқан фталоцианин сақиналары жүйесі бойынша миграциясымен түсіндіріледі, ал оның тиімділігі металл ионының табиғатына тәуелді. Нәтижелерді талдау заряд тасымалдау механизмінде металл иондарының органикалық лигандпен координациялық әрекеттесуі кезінде пайда болатын қосымша энергетикалық күйлердің шешуші рөл атқаратынын көрсетті. Бұл құбылыс әсіресе ZnPc нанотаспаларында айқын байқалады, онда жарықты жұту басқа фталоцианиндермен салыстырғанда жоғары болатынын көрсетті.

3. DFT есептеулерін кемтіктердің қозғалғыштығы бойынша эксперименттік деректермен қолдану Spiro-OMeTAD/ZnPc nws құрылымдарында ZnPc молекулалары арасындағы қашықтық Spiro-OMeTAD/ZnPc nps-пен салыстырғанда 1,5 Å-ден артық ұлғайғанын көрсетті. Ең үлкен қашықтық Spiro-OMeTAD димері үшін алынған. Бұл Spiro-OMeTAD молекуласының күрделі тармақталған құрылымымен байланысты болуы мүмкін, онда азот атомымен байланысқан перифериялық сақиналар кеңістікте айнала алады.

4. Spiro-OMeTAD қабыршақтарына ZnPc нанотаспалары мен нанобөлшектерін қосу арқылы нанокомпозиттік қабаттар алу технологиясы әзірленді. Нанотаспалар мен нанобөлшектер Spiro-OMeTAD қабыршағының құрылымында кристаллдықтың артуына және ақаулардың азаюына ықпал ететіні анықталды. ZnPc nps қоспасы ПӘК-тің 17,2%-дан 17,8%-ға дейін артуына әкелді, бұл кемтіктердің қозғалғыштығының жоғарылауымен және фазалар арасындағы рекомбинацияның азаюымен байланысты. Ең жоғары ПӘК мәні – 18,7% Spiro-OMeTAD-тың ZnPc nws нанотаспаларымен легирленуі кезінде алынды.

5. Импедансттық спектроскопия нәтижелері ZnPc nws нанотаспалары заряд тасымалдау кедергісін едәуір төмендетіп, перовскит/HTL шекарасындағы рекомбинация кедергісін арттыратынын көрсетті, бұл заряд тасымалдаушыларының өмір сүру уақытын ұлғайтуға ықпал ететінін айқындады.

6. Spiro-OMeTAD/ZnPc nps және Spiro-OMeTAD/ZnPc nws нанокомпозиттік қабаттарын қолдану құрылғылардың тұрақтылығын арттыратыны анықталды: олар жоғары ылғалдылық жағдайында 600 сағат сақталғаннан кейін бастапқы тиімділіктің тиісінше 74 және 78%-ын сақтап қалғанын көрсетті.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Spiro-OMeTAD қабатының қалыңдығының перовскитті күн элементтерінің (PSC) фотоэлектрлік сипаттамаларына әсері кешенді түрде зерттелді. Әртүрлі қалыңдықтағы Spiro-OMeTAD қабаты енгізілген PSC үлгілеріне электрлік импеданс спектроскопиясы жүргізілді. Зерттеу нәтижелері бойынша, күн элементінің функционалдық қабаттарының тізбектей кедергісі Spiro-OMeTAD қабатының қалыңдығына айқын тәуелді екендігі анықталды. Қабаттың аз қалыңдық мәндерінде тізбектей кедергінің төмендеуі байқалып, ең төменгі көрсеткіш Spiro-OMeTAD негізіндегі кемтік-тасымалдаушы қабаттың (HTL) қалыңдығы 260 нм болған жағдайда тіркелді. Қалыңдықтың одан әрі артуы тізбектей кедергінің ұлғаюына алып келетіні дәлелденді.

Сонымен қатар, Conductive-AFM (CAFM) әдісін қолдану үлгілердің беткі аймағындағы ток таралуының айтарлықтай біртекті еместігін көрсетті. Перовскит құрылымына тән морфологиялық ақаулардан бөлек, бірқатар үлгілердің токтық картограммаларында кристаллит шекаралары бойында айқын байқалатын, өткізгіштігі жоғары локалдық аймақтар тіркелді. Бұл аймақтар перовскиттің көлемдік материалымен салыстырғанда жетілдірілген фотовольтаикалық қасиеттерге ие кванттық нүктелер ретінде түсіндірілді.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Spiro-OMeTAD қабатының 260 нм қалыңдық мәнінде перовскитті күн элементтерінің фотоэлектрлік сипаттамалары едәуір жақсаратыны ғылыми тұрғыда негізделді.

2. Фталоцианин және оның металлкешендерінің әртүрлі қалыңдықтағы жұқа қабаттары алынды. Бұл қабаттар ток өткізгіш FTO субстратының бетіне вакуумдық ортада термиялық буландыру әдісі арқылы түзілді. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде, жұтылу спектрлерінде байқалатын B және Q жолақтарының кеңеюі мен максимумдарының гипсохромдық ығысуы орталық атомның табиғатына байланысты екені анықталды. MPc қабаттарының қалыңдығы азайған жағдайда жұтылу спектрлерінің жартылай ені төмендейтіні көрсетілді.

Сонымен қатар, фталоцианин қабатының қалыңдығының заряд тасымалдаушыларын генерациялау және тасымалдау тиімділігіне әсері FTO/MPc/Al құрылымындағы үлгі негізінде зерттелді. Алынған нәтижелер бойынша, металлкешені негізіндегі фотоұяшықтардың вольт-амперлік сипаттамалары металсыз фталоцианинге қарағанда шамамен 2,5 есе жоғары екендігі дәлелденді.

